

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Ғарыш кеңістігін бейбіт мақсаттарда зерттеу және пайдалану саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 20 мамырдағы N 475 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Ғарыш кеңістігін бейбіт мақсаттарда зерттеу және пайдалану саласындағы ынтымақтастық туралы келісімнің жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігінің төрағасы Талғат Амангелдіұлы Мұсабаевқа қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы Ғарыш кеңістігін бейбіт мақсаттарда зерттеу және пайдалану саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 8

ж ы л ғ ы

2 0

м а м ы р д а ғ ы

N 4 7 5

қ а у л ы с ы м е н

мақұлданған

жоба

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Ғарыш кеңістігін бейбіт мақсаттарда зерттеу және пайдалану саласындағы ынтымақтастық туралы келісім

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі,

бейбіт мақсаттарда ғарыш кеңістігін зерттеу және пайдалану әрі ғарыш технологияларын қолдану саласындағы ұзақ мерзімді ынтымақтастықты жалғастыруға және дамытуға ықылас білдіре отырып,

1992 жылғы 25 мамырдағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы

арасындағы Достастық, ынтымақтастық және өзара көмек туралы келісімге өз бейілділігін растай отырып,

2006 жылғы 17 маусымда Алматы қаласында Қазақстан Республикасының Президенті мен Ресей Федерациясының Президенті қол қойған Бірлескен мәлімдеме рұхында әрекет ете отырып,

ғылыми және өнеркәсіптік кооперацияға негізделген ғарыш саласындағы мақсатты халықаралық ынтымақтастықтың тәжірибелік маңыздылығы мен ықтимал өзара пайданы мойындай отырып,

ғарышты игерудегі және ғарыш техникасы мен технологияларын пайдаланудағы бірлескен кәсіпорындардың және әріптестіктің басқа түрлерінің әр түрлі өзара пайдаланысандары арқылы ғылыми-техникалық және іскерлік ынтымақтастықты Ресей Федерациясының жалға алуы жағдайларында "Байқоңыр" кешенін пайдалану мәселелеріндегі екі елдің көп жылғы өнімді өзара әрекеттерін жалғастыру ретінде қарастыра отырып,

1994 жылғы 28 наурыздағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы "Байқоңыр" ғарыш айлағын пайдаланудың негізгі қағидаттары мен шарттары туралы келісімді, 2004 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы "Байқоңыр" кешенін тиімді пайдалану жөніндегі ынтымақтастықты дамыту туралы келісімді, 1994 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы "Байқоңыр" кешенін жалға беру шартын назарға ала отырып,

ғарыш кеңістігін игеру және пайдалану саласындағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы өзара ынтымақтастықты дамыту мүддесіне орай,

1967 жылғы 27 қаңтардағы Айды және басқа да аспан денелерін қоса алғанда, ғарыш кеңістігін зерттеу және пайдалану жөніндегі мемлекеттер қызметінің қағидаттары туралы шарттың, сондай-ақ Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы қатысатын, ғарыш кеңістігін пайдалануды реттейтін басқа да көп тарапты шарттардың ережелерін назарға ала отырып,

төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Анықтамалар

Осы Келісімде пайдаланылатын ұғымдар мынаны білдіреді:

а) бірлескен қызмет - күзетілетін бұйымдар мен технологияларға қатысты бірлескен қызметті қоса алғанда, келісімдерде (келісім-шарттарда) осындай деп белгіленген, ғарыш кеңістігін зерттеумен және пайдаланумен әрі ғарыш техникасы мен технологияларын бейбіт мақсаттарда қолданумен байланысты, осы Келісімді орындау мақсатындағы қызмет және осы Келісімнің 2-бабының 3-тармағына және 11-бабының 4

-тармағына сәйкес Ресей Федерациясының оны жалға алуы жағдайларында "Байқоңыр" кешенін пайдалануға байланысты қызмет;

б) бірлескен қызметке қатысушылар - Тараптар мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес Тараптар және (немесе) олардың құзыретті органдары осы Келісім шеңберінде бірлескен қызметті жүзеге асыруға уәкілеттік берген консигнаторлар, тағайындалған ұйымдар, басқа кез келген заңды және (немесе) жеке тұлғалар, олардың өкілдері, мердігерлері немесе қосалқы мердігерлері;

в) консигнаторлар - Тараптар мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес күзетілетін бұйымдар мен технологияларды әкелуге және (немесе) әкетуге лицензиялар және (немесе) өзге шешімдер берілген кез келген жеке немесе заңды тұлғалар;

г) зияткерлік меншік - Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымын құратын 1967 жылғы 14 шілдедегі Конвенцияның 2-бабына сәйкес белгіленетін зияткерлік меншік;

д) бұдан бұрынғы зияткерлік меншік - Тараптар немесе бірлескен қызметке қатысушылар кез келген бірлескен қызметті бастаудан бұрын өз құқығын алған немесе белгілеген зияткерлік меншік немесе дербес қызметтің немесе дербес зерттеудің нәтижесі болып табылатын зияткерлік меншік;

е) бірлесіп құрылған зияткерлік меншік - бірлескен қызмет нәтижесінде пайда болған зияткерлік меншік;

ж) ақпарат - адамдар, заттар, фактілер, оқиғалар, құбылыстар мен процестер туралы, атап айтқанда техникалық, коммерциялық немесе қаржылық сипаттағы мәліметтер және олардың ұсынылуы мен жеткізгішінің нысанына қарамастан, бірлескен қызметке, оны жүзеге асыру барысына және алынған нәтижелеріне қатысты ғылыми және техникалық деректер;

з) іскерлік жасырын ақпарат - ғылыми-техникалық, коммерциялық, технологиялық, өндірістік, қаржы-экономикалық, оның ішінде өндіріс құпиясын (ноу-хау) құрайтын, олардың ұсынылуы мен жеткізгішінің нысаны қарамастан, мынадай шарттарға жауап беретін ақпарат:

бұл ақпаратқа ие болу атап айтқанда, экономикалық, ғылыми немесе техникалық сипаттағы пайданы немесе ондай ақпараты жоқ адамдар алдындағы бәсекелестікте басымдық алуды қамтамасыз ете алады;

бұл ақпарат заңды негіздерде жалпыға мәлім немесе әр түрлі көздерден кең қол жетімді емес;

бұл ақпаратты оның жасырындылығын сақтау міндеттемесінсіз оның иесі үшінші адамға бұрын хабарламаған;

бұл ақпарат оның жасырындылығын сақтау міндеттемесінсіз алушының иелігінде емес;

бұл ақпарат иесі оның жасырындылығын қорғау жөнінде шаралар қабылдайды;

и) жасырын ақпарат - құпия ақпарат болып табылмайтын, қолжетімділігі шектеулі, сондай екені тиісті түрде белгіленетін және оны жеткізгіштерде мынадай белгілер

с о ғ ы л ғ а н

а қ п а р а т :

Қазақстан Республикасында - "Қызмет бабында пайдалану үшін";

Ресей Федерациясында - "Қызмет бабында пайдалану үшін";

к) құпия ақпарат - Қазақстан Республикасында мемлекеттік құпияларға және Ресей Федерациясында мемлекеттік құпияларға жататын мәліметтерді қамтитын және оны тарату тиісінше Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының қауіпсіздігіне зиян келтіруі мүмкін ақпарат;

л) зияткерлік қызмет нәтижелерін бағалау және пайдалану жоспарлары - бірлескен қызметке қатысушылардың бірлескен қызметті немесе бірлескен зерттеуді орындау, олардың тиісті құқықтары мен міндеттемелері туралы нақты жоспарлары, оларды атап айтқанда зияткерлік меншікке байланысты мыналар белгіленеді:

бірлесіп құрған, оның ішінде ғылыми және зерттеу мақсаттарында құрған, зияткерлік меншікке құқықтарды бөлу және пайдалану, бірлескен жарияланымдар туралы уағдаластықты қоса алғанда, оны тарату тәртібі;

зерттеушілер мен ғалымдардың құқықтары мен міндеттері;

бұрын болған зияткерлік меншікті қоса алғанда, Тараптардың немесе бірлескен қызметке қатысушылардың тиісті үлестері;

ғылыми зерттеулер нәтижелерін лицензиялау және тапсыру тәртібі;

м) күзетілетін бұйымдар мен технологиялар - заттар, материалдар, түрлі мақсаттағы жабдықты қоса алғанда, жеткізілетін немесе жасалатын өнімді білдіретін кез келген тауарлар, атап айтқанда, өнертабыстар, пайдалы модельдер, ноу-хау, өнеркәсіптік үлгілер және электронды-есептеу машиналарына арналған, оның ішінде техникалық деректер немесе техникалық жәрдемдесу түріндегі және(немесе) ауызша ақпаратты қоса алғанда, кез келген нысандағы ақпараты бар (көпшіліктің қолы жетімді ақпараттан басқа) бағдарламаларды, техникалық жобаларды, сызбаларды, фотосуреттерді, бейнематериалдарды, жоспарларды, нұсқаулықтарды және оларға қатысты Тараптар мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген мемлекеттік органдар экспорттық лицензиялар беретін және (немесе) оларға қатысты Тараптардың кез келгені басқа Тарап мемлекетінің аумағына әкетуге өзге рұқсаттар беретін және (немесе) экспорттайтын Тарап заңнамасына сәйкес әрі осы Келісімнің негізінде оның уәкілетті органдары арқылы экспорттаушы Тарап бақылауды жүзеге асыратын күзетілетін бұйымдар мен технологияларды техникалық жобалау, құрастыру, әзірлеу, өндіру, өңдеу, жасау, қолдану, пайдалану, күрделі жөндеу, ағымдағы жөндеу, техникалық қызмет көрсету, түрлендіру, сипаттамаларын жақсарту немесе жаңғырту үшін қажет кез келген технологиялар;

н) бақылау - экспорттық бақылау мен технологияларды қорғау жөніндегі шараларды тиімді жүзеге асыру мақсаттарына сәйкес күзетілетін бұйымдар мен технологияларға қолжетімділік жөніндегі экспорттық лицензияларды, өзге рұқсаттарды, есеп және есептілік жүргізу талаптарын қоса алғанда, күзетілетін бұйымдар мен

технологиялар экспортына немесе реэкспортына қатысты кез келген талап немесе шарт ;

о) технологияларды күзету жоспарлары - төтенше оқиғалар жағдайларындағы ерекше шарттар мен шектеулерді қоса, тұрақты негізде күзетілетін бұйымдар мен технологияларды жеке және құқықтық қорғау талаптарын сақтау жөніндегі нақты шаралар толық жазылған жазбаша нұсқаулықтарды немесе өзге де орындауға міндетті ережелерді, сондай-ақ күзетілетін бұйымдар мен технологиялар болатын барлық объектілерге, үй-жайларға, көлік құралдарына немесе жекелеген аймақтарға қатысты қауіпсіздік рәсімдері мен мұндай жерлерге рұқсатты көрсете отырып, операциялар сипаттамаларын қамтитын жоспарлар ;

п) тауарлар - ғарыш аппараттары мен ғарыш аппараттарын ұшыру құралдары, олардың элементтері, құрамдастары мен қосалқы бөлшектері, аспаптар, құрылғылар, оларға жататын технологиялық ажыратылмайтын табиғи немесе жасанды заттар мен материалдарды қоса алғанда, бақылау, сынау және технологиялық жабдық, жеткізілетін немесе жасалатын өнім, материалдық жеткізгіштерде бекітілген ақпарат пен деректер түріндегі технологиялар, электронды-есептеу машиналарына арналған бағдарламалар және зерттеу немесе әзірлеу нәтижесінде алынған дерекқорлар, тәжірибелік-конструкторлық және инженерлік-техникалық әзірлемелер, сондай-ақ өндірістік құжаттама мен техникалық сипаттамаларды, коммерциялық құпия мен ноу-хауды, өнертабыстарды, өнеркәсіптік үлгілерді, пайдалы модельдер мен пилоттық жобалау-конструкторлық әзірлемелерді қоса алғанда, кез келген материалдық нысандағы басқа ақпарат сияқты ғарыш кеңістігін бейбіт мақсаттарда зерттеуге және пайдалануға жататын бұйымдар (заттар, материалдар мен өнім);

р) әкелу - бірлескен қызмет мақсатында тасымалданатын тауарлардың Қазақстан Республикасының аумағына оның кеден шекарасы арқылы және Ресей Федерациясының аумағына оның кеден шекарасы арқылы кез келген орын ауыстыруы;

с) әкету - бірлескен қызмет мақсатында тасымалданатын тауарлардың Қазақстан Республикасының оның аумағынан кеден шекарасы арқылы және Ресей Федерациясының аумағынан оның кеден шекарасы арқылы кез келген орын ауыстыруы ;

т) күзетілетін бұйымдар мен технологияларға қатысты бірлескен қызмет - техникалық мәселелерді талқылауды, кез келген арнайы құжаттама айналымының барлық кезеңдерін, нобайлық жобалар дайындауды, жобалау-конструкторлық жұмыстарды орындауды, күзетілетін бұйымдар мен технологиялар әзірлеуді, жасауды, жеткізуді (тасымалдауды), монтаждауды, техникалық қызмет көрсетуді, сақтауды және пайдалануды, техникалық басшылықты қамтамасыз етуді және пайдалану мен маркетинг жөніндегі қызметтер көрсетуді қоса алғанда, күзетілетін бұйымдар мен технологиялар мен жұмыс істеуге қатысты барлық іс-әрекеттер;

у) ресейлік өкілдер - Ресей Федерациясында мемлекеттік қызметтегі жеке тұлғалар

және (немесе) Ресейлік тарап немесе оның құзыретті органдары және осы Келісімнің 5-бабының 1-3-тармақтарында көрсетілген тағайындалған ұйымдар күзетілетін бұйымдар мен технологияларға қатысты бірлескен қызметті жүзеге асыруға уәкілеттік берген жеке және (немесе) заңды тұлғалар, оның ішінде Ресейлік тараптың тиісті түрде уәкілеттік берілген кез келген өкілдері, ресейлік консигнаторлар, олардың қызметшілері, өкілдері, мердігерлері немесе Ресей Федерациясында экспорттық (импорттық) лицензиялар берумен және (немесе) Ресейлік тараптың өзге шешімдер берумен байланысты күзетілетін бұйымдар мен технологияларға қатысты бірлескен қызметке қатысатын және (немесе) күзетілетін бұйымдар мен технологияларға рұқсаты бар немесе болуы мүмкін және Ресей Федерациясының юрисдикциясындағы және (немесе) бақылауындағы қосалқы мердігерлер;

ф) қазақстандық өкілдер - Қазақстан Республикасында мемлекеттік қызметтегі жеке тұлғалар және (немесе) Қазақстандық тарап немесе оның құзыретті органдары және осы Келісімнің 5-бабының 1-3-тармақтарында көрсетілген тағайындалған ұйымдар күзетілетін бұйымдар мен технологияларға қатысты бірлескен қызметті жүзеге асыруға уәкілеттік берген жеке және (немесе) заңды тұлғалар, оның ішінде Қазақстандық тараптың тиісті түрде уәкілеттік берілген кез келген өкілдері, қазақстандық консигнаторлар, олардың қызметшілері, өкілдері, мердігерлер немесе Қазақстан Республикасында экспорттық (импорттық) лицензиялар берумен және (немесе) Қазақстандық тараптың өзге шешімдер беруімен байланысты күзетілетін бұйымдар мен технологияларға қатысты бірлескен қызметке қатысатын және (немесе) күзетілетін бұйымдар мен технологияларға рұқсаты бар немесе болуы мүмкін және Қазақстан Республикасының юрисдикциясындағы және (немесе) бақылауындағы қосалқы мердігерлер;

х) экспорттаушы (импорттаушы) Тараптың уәкілетті лауазымды адамдары - күзетілетін бұйымдармен және технологиялармен жұмыс істеуге бақылаудың белгіленген функцияларын орындауға экспорттаушы (импорттаушы) Тараптан және (немесе) оның уәкілетті органдарынан арнайы рұқсаттар алған экспорттаушы (импорттаушы) Тараптың өкілдері және (немесе) өзге лауазымды адамдар;

ц) заң жүзінде уәкілетті лауазымды тұлғалар - ішкі істер, кеден органдарының, карантиндік қызметтердің қызметшілері, төтенше жағдайлар жөніндегі қызметшілер, сот орындаушылары және функциялары заңнамалық тәртіппен көзделген, мұндай лауазымды адамдар Тараптар мемлекеттерінің аумағында және Тараптар мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес күзетілетін бұйымдар мен технологияларға қатысты нақты функцияларды жүзеге асыратыны көрсетіле отырып, тиісінше Қазақстандық тараптан және Ресейлік тараптан олардың уәкілетті органдары арқылы арнайы рұқсаттар берілетін қазақстандық және ресейлік басқа лауазымды адамдар.

2-бап

Мақсаты мен қолданылу аясы

1. Осы Келісімнің мақсаты ғарыш кеңістігін бейбіт мақсаттарда зерттеу және пайдалану саласындағы өзара тиімді ынтымақтастық үшін құқықтық және ұйымдық негіздер құруға жәрдемдесу болып табылады.

2. Осы Келісім шеңберіндегі ынтымақтастық Тараптар мемлекеттерінің заңнамаларына сәйкес, халықаралық құқықтың жалпыға танымал қағидаттары мен нормалары сақталғанда және Тараптардың өз міндеттемелерін орындауы әрі Қазақстан Республикасы және (немесе) Ресей Федерациясы қатысушысы болып табылатын басқа халықаралық шарттар мен уағдаластықтар бойынша өз құқықтарын іске асыруы үшін зиянсыз жүзеге асырылады.

3. Ресей Федерациясы жалға алу жағдайында "Байқоңыр" кешенін пайдалануға байланысты қызметке қатысты осы Келісімнің ережелерін қолданудың тәртібі мен шарттары 1994 жылғы 28 наурыздағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы "Байқоңыр" кешенін пайдаланудың негізгі қағидаттары мен шарттары туралы келісімге және 1994 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы "Байқоңыр" кешенін жалға алу шартына сәйкес белгіленеді.

3-бап

Ынтымақтастық салалары

Осы Келісім шеңберіндегі ынтымақтастық мынадай салаларда жүзеге асырылады:

ғарыш кеңістігін зерттеу;
Жерді қашықтықтан зондтау;
ғарыш аппараттарын, шығару құралдарын және ғарыш қызметімен байланысты өзге да ж а б д ы қ т ы ә з і р л е у ;
жерүсті ғарыш инфрақұрылымын құру және дамыту;
ғарыш аппараттары мен ғылыми аппаратураны ұшыру;
ғарыштық байланыс және сонымен байланысты ақпараттық технологиялар мен қ ы з м е т т е р ;
спутниктік навигациялық жүйелер мен технологиялар;
ұшқыш басқаратын ғарыштық ұшырулар;
ғарыштық медицина мен биология.

Ынтымақтастықтың басқа салалары Тараптар арасындағы өзара уағдаластық бойынша жазбаша нысанда белгіленеді.

4-бап

Ынтымақтастық нысандары

Осы Келісім шеңберіндегі ынтымақтастық мынадай нысандарда жүзеге асырылады:

бірлескен бағдарламалар мен жобаларды, оның ішінде үшінші елдердің қатысуымен ж о с п а р л а у және жүзеге асыру;

ғылыми және техникалық ақпаратпен, арнайы біліммен, эксперименттік деректермен, тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар нәтижелерімен және ғарыш техникасы мен технологияларының әр түрлі салаларындағы материалдармен өзара а л м а с у ;

ғарыш кеңістігін бейбіт мақсаттарда зерттеу және пайдалану әрі осы саладағы технологиялық жаңартуларды практикалық қолдану мемлекеттік бағдарламаларына, сондай-ақ ғарыш инфрақұрылымының дамуына бағытталған халықаралық бағдарламаларға қолжетімділікке өзара жәрдемдесу;

ғарыш аппараттарын ұшыруды және басқаруды қамтамасыз ету үшін жерүсті объектілері мен жүйелерін пайдалану;

кадрлар даярлау бағдарламаларын ұйымдастыру, мамандармен және ғалымдармен а л м а с у ;

бір Тарап мемлекеті азаматтарының екінші Тарап мемлекетінің жоғары оқу орындарындағы оқу бағдарламаларын толық көлемде оқуына қолжетімділікке өзара ж ә р д е м д е с у ;

бірлескен симпозиумдар мен конференциялар өткізу;

бірлескен кәсіпорындар құру және ынтымақтастықтың басқа да нысандарын қолдау

Ынтымақтастықтың қосымша нысандары Тараптар арасындағы өзара уағдаластық бойынша жазбаша нысанда белгіленеді.

5-бап

Ынтымақтастықтың институционалдық негіздері

1. Тараптардың осы Келісімде көзделген ынтымақтастықты дамытуға және үйлестіруге жауапты құзыретті органдары мыналар болып табылады:

Қазақстан тарапынан - Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігі;

Ресей тарапынан - Ресей Федерациясының Федералдық ғарыш агенттігі.

2. Тараптар мемлекеттерінің заңнамаларына сәйкес Тараптар немесе құзыретті органдар осы Келісімді орындау үшін жекелеген бағдарламалар мен ынтымақтастық жобаларының шеңберінде қызметтің мамандандырылған түрлерін жүзеге асыру үшін ұйымдарды (бұдан әрі - тағайындалған ұйымдар) қосымша тағайындай алады.

Сондай-ақ, құзыретті органдар белгілеген, тіркелген және Тараптар мемлекеттерінің заңнамаларына сәйкес берілген лицензияларға және (немесе) өзге рұқсаттарға сай бірлескен қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғаларды (оның ішінде шетелдік инвестициялары бар коммерциялық ұйымдар немесе іскерлік әріптестіктің өзге де нысандары) білдіретін бірлескен кәсіпорындар тағайындалған ұйымдар ретінде әрекет ете алады.

3. Осы Келісімнің 9-бабының 2 және 3-тармақтарына сәйкес технологияларды күзету жөніндегі шараларды құзыретті органдармен бірлесіп жүзеге асыруға Қазақстан тарапы Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігіне уәкілеттік береді және Ресей тарапы Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігіне әрі Техникалық және экспорттық бақылау жөніндегі федералдық қызметке уәкілеттік береді.

4. Тараптар, олардың құзыретті органдары мен тағайындалған ұйымдар екі мемлекеттің мемлекеттік және жеке ұйымдарының арасындағы ынтымақтастықты, оның ішінде үшінші мемлекеттер ұйымдарының және халықаралық ұйымдардың қатысуы бар ынтымақтастықты нығайтуға және дамытуға жәрдемдеседі.

5. Осы Келісім шеңберіндегі нақты бағдарламалар мен ынтымақтастық жобаларын жүзеге асырудың ұйымдық, қаржылық, құқықтық және техникалық шарттары тікелей Тараптар арасындағы жекелеген келісімдердің немесе бірлескен қызметке қатысушылардың арасындағы жекелеген келісімдердің (келісім-шарттардың) (бұдан әрі - жекелеген келісімдер) мәнін құрайды.

6-бап

Қаржыландыру

1. Ғарыш кеңістігін бейбіт мақсаттарда зерттеу және пайдалану саласындағы мемлекеттік саясат шеңберінде осы Келісімге сәйкес жүзеге асырылатын бірлескен қызметті қаржыландыруды Тараптар мемлекеттерінің бюджеттік реттеуге қатысты заңнамаларына сәйкес және осы мақсаттарға бөлінген қаражаттың болуына байланысты Тараптар қамтамасыз етеді.

2. Бюджеттік қаржыландыру және (немесе) мемлекеттік бағдарламалардан тыс бірлескен қызметті қаржыландыру құзыретті органдардың және (немесе) мұндай қызметке қатысатын тағайындалған органдар аясында болады және жекелеген келісімдерде ескертіледі.

3. Осы бапта еш нәрсе осы Келісімге сәйкес жүзеге асырылатын ынтымақтастықты бюджеттік қаржыландыруды қамтамасыз ету үшін Тараптарға қосымша міндеттемелер тудыратын ретінде түсіндірілмейді.

7-бап

Зияткерлік меншік

1. Тараптар мемлекеттерінің заңнамаларына және халықаралық міндеттемелер мен осы Келісімнің ережелеріне сәйкес осы Келісім шеңберінде құрылатын немесе ұсынылатын зияткерлік меншіктің барабар және тиімді қорғалуын Тараптар қамтамасыз етеді.

2. Тараптар және бірлескен қызметке қатысушылар осы Келісімнің ажырамас бөлігін құрайтын 1-қосымшада көзделген қағидаттар мен нормаларды сақтай отырып, осы Келісімге сәйкес бірлескен қызмет шеңберінде пайдаланылатын және (немесе) оның нәтижесі болып табылатын зияткерлік меншікке қатысты жекелеген келісімдердегі сақталуға тиіс ережелерді нақтылай алады.

8-бап

Ақпарат алмасу

1. Тараптар өздерінің құзыретті органдары арқылы осы Келісімге және Тараптар мемлекеттерінің ұлттық ғарыштық бағдарламаларының негізгі бағыттарына сәйкес өзара ақпаратпен алмасуға жәрдемдеседі. Әрбір Тарап және бірлескен қызметке қатысушылар екінші Тарапқа және оның бірлескен қызметке қатысушыларына ақылға сыйымды қысқа мерзімдерде бірлесіп жүзеге асырылатын ғылыми зерттеулер мен жұмыстар нәтижелеріне қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

2. Осы Келісімге 1-қосымшаның 3-бөлімінің ережелеріне зиянсыз Тараптар мемлекеттері заңнамаларының талаптарымен оларды таратуға шектеулер белгіленбеген ақпаратпен және қажет болған кезде Тараптар мемлекеттерінің заңнамаларына, осы Келісімнің ережелеріне және жекелеген келісімдерге сәйкес жасырын ақпаратпен алмасуды жүзеге асырады.

3. Жекелеген келісімдер жасырын ақпаратты және мұндай ақпаратты бірлескен қызметке қатысушыларға немесе кез келген үшінші адамдарға және мердігерлер мен қосалқы мердігерлерді қоса алғанда, кез келген үшінші тараптарға берілуі мүмкін жағдайларды қорғауды көздейді. Қажет болған кезде жекелеген келісімдерде жасырын ақпаратты қорғау жөніндегі міндеттемелерді сақтау үшін Тараптар өкілдеріне немесе бірлескен қызметке қатысушыларға қатысты барлық қажетті қосымша шараларды қабылдау көзделеді.

4. Жасырын ақпаратты белгілеу жауаптылығы олардың ақпараты мұндай жасырындылықты талап ететін Тарапқа немесе бірлескен қызметке қатысушыға жүктеледі. Тараптар және бірлескен қызметке қатысушылар Тараптар мемлекеттерінің заңнамаларына сәйкес жасырын ақпараты бар хат-хабарды қорғау үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды.

Тараптардың әрқайсысы өз құзыретті органдары арқылы осы Келісімді орындау мақсатында басқа Тарап немесе оның құзыретті органы беретін жасырын ақпаратқа рұқсаты бар адамдардың санын, мұндай хабардар адамдар тобын осы Келісімде

көзделген мақсаттарда өздерінің қызметтік міндеттерін орындау үшін мұндай ақпаратқа қолжетімділік қажет бірлескен қызметке қатысушыларымен шектей отырып, б а р ы н ш а қ ы с қ а р т а д ы .

Тараптардың әрқайсысы бірлескен қызметке қатысушыларды осы Келісімді орындау барысында бірлескен қызметке қатысушылар бір-біріне беретін жасырын ақпаратқа рұқсаты бар адамдардың санын, мұндай хабардар адамдар тобын осы Келісімде көзделген мақсаттарда өз қызметтік міндеттерін орындау үшін мұндай ақпаратқа қолжетімділік қажет, тиісті мемлекет азаматы болып табылатын қызметкерлермен және мамандармен шектей отырып, барынша қысқартуға міндеттейді .

5. Басқа Тараптан және (немесе) бірлескен қызметке қатысушыдан алынған, осы баптың 1 және 2-тармақтарында көзделген ақпаратты, егер Тараптар немесе бірлескен қызметке қатысушылар өзара негізде өзге туралы жазбаша нысанда келіспесе, ешбір Тарап және ешбір бірлескен қызметке қатысушы ашпайды және кез келген үшінші тұлғаларға (үшінші тараптарға) бермейді.

6. Осы Келісімде ешнәрсе осы Келісім шеңберіндегі кез келген ақпаратты кез келген Тараптың беруге міндеттемесі немесе тұтас бірлескен қызмет шеңберіндегі басқа кез келген ақпаратты беру үшін кез келген негіз ретінде, егер мұндай беру өз мемлекетінің қауіпсіздік мүдделеріне қайшы келетін болса қаралмайды. Кез келген Тарап мемлекетінде құпия ақпарат санатына жатқызылған нақты ақпаратты беруді Тараптар бірлескен қызмет мақсатында қажет деп таныса, онда мұндай ақпаратты беру және онымен жұмыс істеу тәртібі Тараптар мемлекеттерінің заңнамасымен және 2004 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы құпия ақпаратты өзара қорғау туралы келісіммен , сондай-ақ қажет болған жағдайда Тараптар арасындағы жекелеген арнайы келісіммен жазбаша нысанда реттеледі.

9-бап

Мүлікті қорғау және технологияларды күзету жөніндегі шаралар

1. Әрбір Тарап Тараптар мемлекеттерінің заңнамаларын ескере отырып, басқа Тараптың және бірлескен қызметке қатысушылардың бірлескен қызмет шеңберіндегі тиісті мемлекет аумағындағы олардың мүлкін, тауарлардың өзара келісілген санаттарын алып тастаудың немесе атқарушылық өндірістің кез келген нысандары мен құқықтарының иммунитетін қоса алғанда, кез келген құқықтық және физикалық қорғаумен байланысты мүдделерін сақтауды қамтамасыз етеді. Бірлескен қызмет шеңберінде пайдаланылатын мүлікті тиісті қорғау нақты ғарыш жобаларын іске асыру жөніндегі жекелеген келісімдерде көзделуі мүмкін.

2. Бірлескен қызметтің нақты түрлерін жүзеге асыру мақсатында Тараптар қажет болған жағдайда, бірлескен қызметке қатысушылармен төмендегі шарттарды толық көздеу үшін технологияларды қорғау жөніндегі келісімдерді жасасады және (немесе) ж а с а с у ғ а ж ә р д е м к ө р с е т е д і :

а) экспортталатын күзетілетін бұйымдар мен технологияларға кез келген рұқсатсыз қолжетімділікті, импорттаушы Тараптың және (немесе) бірлескен қызметке қатысушылардың оларды кейін кез келген рұқсатсыз беруін және (немесе) күзетілетін бұйымдар мен технологияларды экспорттауды тағайындалуы бойынша жүзеге асырмауын және (немесе) экспорттаушының немесе импорттаушының (соңғы тұтынушының) мақсатсыз пайдалануын болдырмау үшін;

б) күзетілетін бұйымдар мен технологиялармен жұмыс істеу машықтарына және сол мәселелердегі құзыретке ие қазақстандық өкілдер мен ресейлік өкілдер күзетілетін бұйымдар мен технологияларды тиімді күзету және олармен жұмыс істеу тәртібін бақылау жөніндегі тиісті функцияларды жүзеге асыру үшін;

в) технологияларды күзетудің нақты жоспарларын әзірлеу және орындау үшін.

3. Осы баптың 1 және 2-тармақтарының ережелерін іске асыру мақсатында Тараптар өздерінің құзыретті органдары мен уәкілетті органдары арқылы осы Келісімнің ажырамас бөлігін құрайтын 2-қосымшада көзделген технологияларды қорғау жөніндегі шараларды практикада қолдануды қамтамасыз етеді.

10-бап

Экспорттық бақылау

Тараптар Қазақстан Республикасында және Ресей Федерациясында экспорттық бақылау тізімдері мен тізбелеріне енгізілген тауарлар мен қызметтер көрсетуге қатысты экспорттық бақылау саласындағы Тараптар мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес әрекет етеді. Тараптардың немесе бірлескен қызметке қатысушылардың осы Келісімге сәйкес ынтымақтастықтың кез келген нысандар шеңберінде бір-біріне ақпаратты, техникалық деректерді, жабдықтарды және өнеркәсіптік өнімді қоса алғанда, басқа бұйымдарды, зияткерлік меншікті беруі әрі экспорттаушының, импорттаушының немесе кез келген үшінші мемлекеттің аумағында қызметтер көрсетуі Тараптар мемлекеттерінің экспорттық бақылауға қатысты заңнамаларына сәйкес жүзеге асырылады.

11-бап

Кедендік реттеу

1. Осы Келісім шеңберінде әкелу және (немесе) әкету жүзеге асырылатын тауарлар, осы Келісім негізінде кеден органдары алатын кедендік баждар мен салықтардан босатылуға жатады.

2. Осы бапта көзделген баждар мен салықтарды төлеуден босатулар Қазақстан Республикасының кедендік аумағына немесе Ресей Федерациясының кедендік аумағына үшінші елдерден әкелінетін және (немесе) Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан немесе Ресей Федерациясының кедендік аумағынан үшінші елдерге әкетілетін, олардың шыққан еліне қарамастан, ғарыш кеңістігін бейбіт мақсаттарда зерттеу және пайдалану саласындағы Тараптар және (немесе) бірлескен қызметке қатысушылар қатысатын көп жақты келісімдер немесе ынтымақтастық бағдарламалары мен жобаларының шеңберінде әкелінетін және (немесе) әкетілетін тауарларға қатысты да беріледі.

3. Құзыретті органдар әрбір жағдайда Тараптар мемлекеттерінің кеден органдарына тауарларды әкелу және (немесе) әкету осы Келісімнің шеңберінде жүзеге асырылатынын растап отырады, мұндай растауды тауарлар номенклатурасы мен саны туралы ақпаратпен бірге береді. Тараптар мемлекеттерінің кеден шекараларынан өткізілетін және осы Келісімнің шеңберінде және шарттарымен ынтымақтастық мақсаттарына әдейі арналған тауарлардың нақты тізімі мен санын мұндай тауарлар жеткізілімі жүзеге асырылғанға дейін екі Тараптың құзыретті органдары Тараптар мемлекеттерінің заңнамаларына сәйкес жазбаша нысанда келіседі.

4. Қазақстан Республикасының құзыретті органы Қазақстан Республикасының кеден органына осы Келісімнің шеңберінде Қазақстан Республикасының кедендік аумағына әкелу және (немесе) кеден аумағынан әкету кезінде кедендік баждар мен салықтарды төлеуден босатылатын тауарлар туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

5. Осы Келісімнің ережелерін қолдану 1994 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы "Байқоңыр" кешенін жалға алу шартында көзделген мақсаттарда тауарларды өткізудің қолданыстағы оңайлатылған тәртібінің күшін жоймайды.

6. Осы баптың ережелері акциздық салық салуға жататын тауарларға қолданылмайды.

12-бап

Жауапкершілік

1. Тараптар жауапкершілік туралы және зиянды өтеу туралы бір-біріне кез келген талаптар қоюдан өзара негізде бас тартады және Тараптардың бір-біріне, меншікті персоналы қатарындағы адамдар мен меншікті мүлікке осы Келісім шеңберіндегі бірлескен қызметке мұндай тұлғалардың қатысуымен және мұндай мүлікті пайдалануға байланысты келтірілген зиянға байланысты бір-біріне және бірлескен қызметке қатысушыларға қандай да бір талаптар қоймайды.

2. Тараптар және (немесе) құзыретті органдар өзара негізде және Тараптар мемлекеттерінің заңнамаларын сақтаған кезде жауапкершілік туралы және келісілген практика арқылы зиянды өтеу туралы талаптар қоюдан өзара бас тарту қағидатын жүзеге асыру рәсімдерін қолданады, бұған сәйкес әрбір Тарап және бірлескен қызметке қатысушылар меншікті мүлкіне және (немесе) олардың персоналы қатарындағы адамдарға қасақана істелмеген зиянға байланысты басқа Тарапқа және оның бірлескен қызметке қатысушыларына өзара негізде кез келген талаптар немесе қуынымдар қоймайды. Қажет болған жағдайда және тиісті шарттық ережелер сақталған кезде мұндай практика мердігерлер мен субмердігерлерге қолданылуы мүмкін.

3. Осы баптың 1 және 2-тармақтарында көзделген зиянды өтеу туралы жауапкершіліктің талаптарын қоюдан бас тарту қағидаты, егер зиян келтірген Тарап, бірлескен қызметке қатысушылар немесе осы Тараптың және бірлескен қызметке қатысушылардың мүлкі және зиян келтірілген басқа Тарап пен бірлескен қызметке қатысушылар немесе басқа Тараптың және бірлескен қызметке қатысушылардың мүлкі осы Келісім шеңберіндегі бірлескен қызметке тиісінше қатысқан немесе пайдаланылған жағдайда ғана қолданылады.

4. Тараптар және (немесе) бірлескен қызметке қатысушылар жекелеген келісімдер шеңберінде осы бапта көзделген жауапкершілік туралы және зиянды өтеу туралы талаптардан өзара бас тарту туралы ережелердің қолданылу аясын шектеуге немесе бірлескен қызметтің нақты сипатына қарай қаншалықты талап етілсе, соншалықты өзгерте алады. Атап айтқанда, олар бірлескен қызметтің нақты түріне қатысты жауапкершілікті бөлу және зиянды өтеу туралы қосымша немесе баламалы ережелерді келісе алады.

5. Осы баптың 1-3-тармақтарына сәйкес жауапкершілік туралы және зиянды өтеу туралы талаптарды қоюдан өзара бас тарту мынадай талаптарға қолданылмайды:

а) дене зақымы, жеке тұлғаның денсаулығына кез келген ауыр зиян келтіргені немесе мұндай адамның өлімі үшін, осы тұлға немесе заң бойынша құқығы бар кез келген адам (осындай жеке тұлғаның өсиетін орындау тапсырылған адам, оның мұрагерлері немесе құқығы суброгация тәртібімен көшетін адамдар) қойған өтемақымен байланысты;

б) кез келген Тарап және бірлескен қызметке қатысушылар арасындағы қатынастар, сондай-ақ мұндай бірлескен қызметке қатысушылар арасындағы қатынастар туындауына байланысты;

в) зияткерлік меншікке қатысты;

г) қасақана заңсыз іс-әрекеттерден немесе өрескел ұқыпсыздықпен жасалған іс-әрекеттерден туындаған зиян үшін;

д) тікелей келісілген шарттық ережелерге қатысты.

6. Осы баптың ережелері халықаралық құқықпен белгіленген, атап айтқанда 1972 жылғы 29 наурыздағы Ғарыш объектілері келтірген зиян үшін халықаралық

жауапкершілік туралы конвенцияға негізделген талаптарға қатысты тиісті қағидаттар мен нормаларды қолдануға зиян келтірмейді.

7. Тараптар, зиян өтемақысының және сотта ықтимал талаптардан қорғау ауыртпалығын бөлуге қатысты осы баптың 6-тармағында көрсетілген Конвенцияны қоса алғанда, халықаралық құқыққа сәйкес пайда болуы мүмкін жауапкершілікке қатысты кез келген жағдай жөнінде консультациялар өткізеді. Жауапкершілік үшін негіз тудыруы мүмкін кез келген оқиғаны немесе аварияны тергеу кезіндегі әрбір фактіні анықтау мақсатында Тараптар, атап айтқанда сарапшылар және ақпарат алмасу арқылы ынтымақтасады.

8. Тараптар құзыретті органдарға жекелеген келісімдер жасасу практикасының, осы бапта көзделген жауапкершілік туралы және зиянды өтеу туралы талаптар қоядан өзара бас тарту қағидатын практикалық қолдануға қатысты талаптарға сәйкестігін жалпы бақылауды қамтамасыз етуді тапсырады.

13-бап

Өнеркәсіптік қызмет

1. Тараптар бірлескен кәсіпорындар құруды және ғарыш қызметінің нәтижелерін қолдануға қатысты қазақстандық және ресейлік заңды тұлғалар арасындағы ынтымақтастықтың басқа да түрлерін ынталандырады. Тараптар осыны ескере отырып, Тараптар мемлекеттерінің заңнамаларына сәйкес кәсіпкерлік қызметке және сауда-экономикалық операцияларды жүзеге асыруға, сондай-ақ тиісті күрделі қаржы жұмсалымдарын тартуға өзара жәрдемдесу жөнінде шаралар қабылдайды.

2. Тараптардың әрқайсысы өзаралық негізде өздерінің құзыретті органдары арқылы өнеркәсіптік өндіріске немесе ғарыш кеңістігін бейбіт мақсаттарда зерттеу және пайдалану әрі ғарыш технологияларын қолдану жөніндегі қызметті жүзеге асырумен байланысты оның мемлекетінде ұйымдастырылатын ғарыш қызметі аясында мамандандырылған қызметтер көрсетуге арналған тендерлерге тағайындалған ұйымдардың қатысуы үшін қолайлы жағдайлар жасайды.

Тараптар өздерінің құзыретті органдары арқылы нақты ғарыштық жобаларын іске асыру мақсатында мемлекеттік сатып алу шеңберінде ашық және бәсекеге қабілетті келісім-шарттар жасасуға жағдайлар жасау үшін ынтымақтасады және осымен байланысты стандарттар мен сертификаттау жүйелері саласында өзара ақпарат алмасуға жәрдемдеседі.

14-бап

Дауларды реттеу

1. Тараптар арасында осы Келісімді түсіндіруге және (немесе) орындауға байланысты даулар туындаған жағдайда Тараптар өздерінің құзыретті органдары

арқылы достық реттеуге қол жеткізу үшін бірінші кезекте дипломатиялық арқылы консультациялар немесе келіссөздер жүргізеді.

2. Бірлескен қызметке қатысушылар арасындағы осы Келісімді түсіндіруге және (немесе) орындауға байланысты даулар құзыретті органдардың және (немесе) тағайындалған ұйымдардың басшыларының немесе олардың өкілдерінің бірлесіп қарауына беріледі, олар өзара келісім бойынша дауды шешу үшін барлық күш-жігерін салады. Көрсетілген басшылардың келісілген шешімі бойынша даулы мәселеге қатысты фактіні және құқық нормасын белгілеудің барлық мәселелері жөнінде келісімге қол жеткізу немесе қорытынды немесе ұсынымдар дайындау үшін дауларды Тараптарға беруі мүмкін. Сондай-ақ, мұндай даулар кез келген басқа өзара келісілген рәсім арқылы қаралуы және шешілуі мүмкін.

3. Басқа реттеу әдістеріне қатысты жалпы келісім болмағанда, Тараптардың бірі екінші Тарапқа мұндай реттеу туралы жазбаша нысандағы сауалды жібергеннен кейін алты ай ішінде осы баптың 1 және 2-тармақтарында көзделген рәсімдерге сәйкес реттелмеген даулар кез келген Тараптың өтініші бойынша осы баптың ережелеріне сәйкес құрылатын төрелік сотқа беріледі.

4. Төрелік сот әрбір нақты жағдайға қатысты құрылады, бұл ретте әрбір Тарап төрешіні тағайындайды, ал бұл екі төреші үшінші төрешіні - үшінші мемлекеттің азаматын таңдайды, ол төрелік соттың төрағасы болып тағайындалады. Тараптардың бірі екінші Тарапқа дауды тергеуге беру туралы өзінің тілегі туралы хабарлағаннан кейін екі айдың ішінде бірінші екі төреші, ал үш ай ішінде - төрелік соттың төрағасы тағайындалады.

5. Егер төрешілер осы баптың 4-тармағында көрсетілген мерзімдерде тағайындалмаса, Тараптардың кез келгені өзге туралы уағдаластық болмаған жағдайда барлық тағайындауларды жүргізу үшін Халықаралық Соттың төрағасын шақыра алады. Егер Халықаралық Соттың төрағасы Тараптар мемлекеттерінің кез келгенінің азаматы болса немесе егер ол қандай да бір себеп бойынша бұл функцияны орындай алмаса, одан кейінгі қызметі бойынша жоғары тұратын Халықаралық Соттың, Тараптар мемлекеттерінің кез келгенінің азаматы емес мүшесі қажетті тағайындауларды жүргізеді.

6. Халықаралық Сот шешімдерін көпшілік дауыспен жазбаша нысанда Тараптар арасындағы келісімдердің және халықаралық құқықтың көпшілік мойындаған қағидаттары мен нормаларының негізінде қабылдайды. Оның шешімдері түпкілікті болып табылады және егер Тараптар шағым беру рәсімі туралы жазбаша нысанда алдын ала келіспесе, шағымдануға жатпайды.

Екі Тараптың өтініші бойынша төрелік сот ұсынымдар жасай алады, олар Тараптарға дау туғызған мәселені қарау үшін негізді қамтамасыз ете алады.

Төрелік соттың шешімдері немесе консультациялық қорытындылары даудың мәнімен шектеледі және онда олар негізделген дәлелдер айтылады.

7. Әрбір Тарап төрелік істі қарау кезінде өз төрешісінің және өз адвокатының қызметіне байланысты шығыстарды көтереді. Төрелік істі қарау кезіндегі төрелік сот төрағасының қызметіне байланысты шығыстарды Тараптар бірдей үлесте көтереді. Егер Тараптар өзге туралы көлемге келмесе, төрелік рәсім арқылы дауды реттеуге байланысты барлық басқа шығыстарды бірдей үлесте көтереді.

Өзге қатынастардың барлығында өз рәсімдерінің ережелерін төрелік сот өзі белгілейді.

8. Қажет болған жағдайда, атап айтқанда ғарыш қызметі саласындағы нақты жобаларға қатысты Тараптар, құзыретті органдар немесе тағайындалған ұйымдар өзара келісім бойынша дауларды реттеудің басқа лайықты құралдарына қатысты шешімдер қабылдай алады.

9. Жекелеген келісімдерде қажет болған кезде достық реттеудің жолдары мен құралдарының басым сипатта болатынын ескере отырып, дауларды реттеудің нақты рәсімдері көзделеді.

15-бап

Қорытынды ережелер

1. Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы жазбаша нысанда дипломатиялық арналар арқылы соңғы хабарлама алынған күннен бастап күшіне енеді.

2. Осы Келісім он жыл мерзімге жасалады. Егер Тараптардың бірде-бірі дипломатиялық арналар арқылы, ол автоматты түрде ұзартылған жағдайда оны қолданудың бастапқы он жылдық мерзімі немесе тиісті келесі кезең аяқталғанға дейін кемінде бір жыл бұрын оның қолданысын тоқтату ниеті туралы жазбаша нысанда екінші Тарапқа хабарламаса, оның қолданылуы келесі он жылдық кезеңге автоматты түрде ұзартылады.

3. Осы Келісімге Тараптардың өзара келісімі бойынша жазбаша нысанда осы баптың 1-тармағында белгіленген тәртіпке сәйкес күшіне енетін өзгерістер енгізілуі мүмкін.

4. Осы Келісімнің қолданылуы тоқтатылған жағдайда оның ережелері, егер Тараптар өзге туралы уағдаласпаса, барлық аяқталмаған бағдарламалар мен жобаларға қолданылуын жалғастырады. Осы Келісімнің қолданылуын тоқтату қаржы және өзге сипаттағы күшінде қалатын шарттық міндеттемелерді бір жақты тәртіппен қайта қарау немесе орындамау үшін құқықтық негіз болып табылмайды және оның қолданылуы тоқтатылғанға дейін заңды және (немесе) жеке тұлғалардың осы Келісімнің шеңберінде туындаған құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

2008 жылғы "___" _____ қаласында әрқайсысы орыс және қазақ тілдерінде екі данада жасалды, және де екі мәтіннің бірдей күші бар.

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей
Федерациясының Үкіметі арасындағы
Ғарыш кеңістігін бейбіт мақсаттарда
зерттеу және пайдалану саласындағы
ынтымақтастық туралы келісімге
1-қосымша

Зияткерлік меншік және іскерлік жасырын ақпарат

Тараптар Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Ғарыш кеңістігін бейбіт мақсаттарда зерттеу және пайдалану саласындағы ынтымақтастық туралы келісімнің (бұдан әрі - Келісім) және Келісімнің 5-бабының 5-тармағында көзделген жекелеген келісімдердің (бұдан әрі - жекелеген келісімдер) мәні болып табылатын ынтымақтастық шеңберінде алынған және (немесе) пайдаланылатын үшінші тараптың құқықтарын қоса алғанда, Тараптар мемлекеттерінің заңнамаларына және халықаралық шарттарға сәйкес зияткерлік меншік құқықтарын тиімді қорғауды қ а м т а м а с ы з е т е д і .

Бірлескен қызметке қатысушылар зияткерлік меншік объектісі ретінде құқықтық қорғауға жататын бірлескен қызметтің барлық нәтижелері туралы бір-бірін уақтылы хабардар етеді және мұндай күзетуді қамтамасыз ету жөніндегі басқа формалды рәсімдерді тіркеуді жүзеге асыру әрі орындау мақсатында тез арада өзара іс-қимыл жасайды.

1-бөлім

Қолданылу аясы

1. Осы қосымшаның ережелері Тараптар немесе бірлескен қызметке қатысушылар Келісімнің 8-бабының 2-тармағына сәйкес жекелеген келісімдер шеңберіндегі қандай да бір арнайы ережелер туралы уағдаласқан жағдайларды қоспағанда, Келісімге сәйкес ынтымақтастық мақсатында жүзеге асырылатын бірлескен қызметтің барлық түрлеріне қолданылады.

2. Осы қосымша Тараптар немесе бірлескен қызметке қатысушылар арасындағы бірлесіп құрылған зияткерлік меншікке құқықтарды бөлуді реттейді.

3. Осы қосымша Тараптар мемлекеттерінің заңнамаларында және бірлескен қызметке қатысушылардың ішкі реттеу ережелерінде белгіленген зияткерлік меншік құқықтарын және Тараптардың кез келгенінің бірлескен қызметке қатысушыларының арасындағы қатынастарды немесе Тарап пен осы бірлескен қызметке қатысушылар

арасындағы қатынастарды құқықтық реттеу тәртібін өзгертпейді. Осы қосымша Тараптардың халықаралық міндеттемелеріне зиян келтірмейді.

4. Бірлескен қызметті жүзеге асыру Тараптардың және (немесе) бірлескен қызметке қатысушылардың бұрын болған зияткерлік меншікке құқықтарын қозғамайды.

5. Келісімнің қолданылуын тоқтату осы қосымшаға сәйкес туындаған құқықтар мен міндеттемелерді осындай тоқтауға дейін қозғамайды.

2-бөлім

Құқықтарды бөлісу және пайдалану

1. Тараптар және бірлескен қызметке қатысушылар зияткерлік меншік құқықтарын бөлісуге және пайдалануға қатысты мынадай негізгі қағидаттарды қолданады:

а) Келісім шеңберінде алынған және (немесе) пайдаланылатын зияткерлік қызметтің нәтижелерін тиісті қорғау;

б) Тараптардың және бірлескен қызметке қатысушылардың бірлесіп құрылатын зияткерлік меншікке құқықтарын бөлісу кезінде тиісті салымдары мен оған қатысты мүдделерін есепке алу;

в) зияткерлік меншікті тиімді пайдалану;

г) бірлескен қызметке қатысушылармен кемсітпей жұмыс істеу;

д) іскерлік жасырын ақпаратты қорғау;

е) бұрын болған зияткерлік меншікті ол пайдаланылатын мемлекеттің аумағында оған құқықтық қорғау берілгеннен кейін ғана тапсыру және пайдалану;

ж) осы Келісім шеңберінде Тараптар мемлекеттерінің бюджеттік қаржысының есебінен құрылған зияткерлік меншік құқықтарына қатысты құқық бұзушылықтардың алдын алуға, анықтауға, тергеуге, жолын кесуге және тыйым салуға бағытталған іс-шараларды Тараптардың міндетті түрде жүзеге асыруы;

з) Келісім шеңберінде алынған және (немесе) пайдаланылатын зияткерлік меншікке үшінші тараптың заңды құқықтарын бұзушылықтардың жолын кесу;

и) талаптар қойылған Тарап және (немесе) оның бірлескен қызметке қатысушылары ол туралы беруші Тарапты және (немесе) оның бірлескен қызметке қатысушыларын тез арада хабардар ететінін ескере отырып, үшінші Тарап беруші Тарапқа және (немесе) оның бірлескен қызметке қатысушыларына қоюы мүмкін, Келісім шеңберінде берілген зияткерлік меншікке құқықтарын осы Тараптың және (немесе) оның бірлескен қызметке қатысушыларының болжалды бұзушылықтарына байланысты талаптарды реттеуді беруші Тарап және (немесе) оның бірлескен қызметке қатысушылары өзіне алатын міндеттеме.

2. Тараптар және (немесе) бірлескен қызметке қатысушылар бірлескен негізде зияткерлік меншік нәтижелерін бағалау және пайдалану жоспарларын жасайды. Көрсетілген жоспарлар ынтымақтастықтың басталуына дейін не жүзеге асыру

барысында ақылға сыйымды мерзімде әзірленеді. Мұндай жоспарлар бірлескен қызмет шеңберінде берілген, бұрын болған зияткерлік меншікті қоса алғанда, Тараптардың және олардың бірлескен қызметке қатысушыларының қаралып жатқан қызметке тиісті салымдарын ескере отырып жасалады және зияткерлік меншікті пайдалануының түрлері мен көлемдерін, сондай-ақ Тараптар мемлекеттерінің аумағында және қажет болған жағдайда үшінші мемлекеттер аумағында оған құқықтарды жүзеге асырудың талаптары мен тәртібін белгілейді. Егер зияткерлік меншік нәтижелерін бағалау және пайдалану жоспарларында өзгеше көзделмесе, бірлескен қызметке қатысушылар бірлесіп жасалған зияткерлік меншікті өздерінің жеке қажеттіліктеріне пайдалануына құқығы бар. Тараптар және бірлескен қызметке қатысушылар зияткерлік меншік құқықтарын бөлісу және пайдалану мақсатында жекелеген келісімдерді жасасу жолымен бірлескен қызметтің шарттарын белгілей алады.

3. Егер зияткерлік меншік объектісі ретінде қорғауға жататын нәтижені алу туралы хабарланған күнінен бастап ақылға сыйымды мерзімді анықтауға қатысты келісімге осы бөлімнің 2-тармағының ережелеріне сәйкес табысты қол жеткізілмесе және тиісінше, зияткерлік қызмет нәтижелерін бағалау және пайдалану жоспары жасалмаған және қолданысқа енгізілмеген болса, әрбір Тарап немесе оның бірлескен қызметке қатысушысы Тараптар мемлекеттерінің заңнамаларына сәйкес өз мемлекетінің аумағында осындай зияткерлік меншікке барлық құқықтарды және пайданы ала алады.

4. Тараптар және бірлескен қызметке қатысушылар бірлескен қызмет жүзеге асырылғанға дейін алдын ала немесе қажет болған жағдайда оны жүзеге асыру барысында жасалатын жекелеген келісімдер арқылы бірлескен қызмет нәтижелері патенттелуге, тіркелуге не құпия болып сақталуға тиіс па екендігін шешеді және қорғауға жататын зияткерлік меншік құқықтарын тіркеу туралы тиісті шешім қабылданғанға дейін бұл нәтижелерді жария етпеуге кепілдік береді.

5. Тараптардың бірінің мемлекеті заңнамасына сәйкес зияткерлік меншік объектісіне күзет қамтамасыз етілмейтін жағдайларда екінші Тарап және оның бірлескен қызметке қатысушылары олардың тиісті салымдарын ескере отырып, Тараптардың және екі Тараптың бірлескен қызметке қатысушыларының арасында келісілген шарттарда мұндай күзет осы Тарап мемлекетінің заңнамасында көзделетін жағдайда да ғана мұндай күзетті қамтамасыз етеді.

6. Осы бөлімнің 1-4-тармақтарының ережелеріне сәйкес үшінші мемлекеттердегі зияткерлік меншіктің күзетілетін объектілерін күзетпен қамтамасыз ету және оларға құқықтарды бөлісу мақсатында Тараптардың кез келгенінің немесе кез келген бірлескен қызметке қатысушының өтініші бойынша тез арада консультациялар жүргізіледі.

7. Басқа Тараптың қандай да бір ұйымындағы жұмысқа тартылған бірінші Тараптың зерттеушілеріне, ғалымдарына және өзге мамандарына зияткерлік меншік құқықтарына және әрбір қабылдаушы ұйымның ішкі реттеу ережелерімен анықталатын құқықтарға

байланысты ықтимал сыйақылар мен төлемдерге қатысты қабылдаушы ұйымның ішкі реттеу ережелері қолданылады. Өнертапқыш ретінде белгіленген әрбір зерттеушінің, ғалымның немесе өзге маманның өзінің салымына сәйкес осы зияткерлік меншікті лицензиялағаны үшін қабылдаушы ұйымға тиесілі кез келген төлемнің үлесін алуға құқығы бар.

8. Тараптар мемлекеттерінің заңнамаларына сәйкес құқықтық күзет берілетін жарияланымдарға авторлық құқық қолданылады. Бұл құқықтарды жүзеге асыру нысандары жекелеген келісімдерде белгіленеді. Бұл орынды және қажет болған жағдайда Тараптар және бірлескен қызметке қатысушылар әрбір Тараптың және бірлескен қызметке қатысушылардың авторлық құқықпен қорғалатын, бірлескен қызметтің тікелей нәтижесі болып табылатын ғылыми-техникалық мақалаларды, дәрістерді, баяндамаларды, кітаптар мен өзге де шығармаларды аударуға, қайта жаңғыртуға және коммерциялық емес мақсатпен барлық мемлекеттерде көпшілік алдында таратуға ерекше емес, пікірсіз және өтеусіз лицензияларға құқықтарының болуын көздейтін келісілген шешім қабылдайды. Егер автор айқын көрсетілген нысанда өз тегін көрсетуден бас тартпаса немесе жасырын атпен шығуға тілек білдірмесе, зияткерлік меншіктің барлық таратылатын объектілерінде автордың тегі көрсетіледі.

9. Электронды-есептеуіш машиналар үшін бағдарламаларға және дерекқорларға зияткерлік меншіктің құқықтары жиынтығының барлығы электронды-есептегіш машиналар мен дерекқорлар үшін мұндай бағдарламаларды әзірлеуге және қаржыландыруға олардың тиісті салымдарын ескере отырып, екі Тараптың да бірлескен қызметке қатысушыларының арасында бөлінеді. Тараптар немесе бірлескен қызметке қатысушылар электронды-есептегіш машиналар мен дерекқорлар үшін бағдарламаларды бірлесіп әзірлеген немесе бірлесіп қаржыландырған жағдайларда оларды коммерциялық пайдалану жағдайында пайданы бөлісуді қоса алғанда, электронды-есептеуіш машиналар мен дерекқорлар үшін мұндай бағдарламаларға қатысты қолданылатын режим жекелеген келісімдермен белгіленеді. Жекелеген келісімдер болмаған жағдайда, осы бөлімнің 2 және 5-тармақтарында көзделген, бірлескен қызметке байланысты құқықтарды бөлісуге қатысты ережелер қолданылады.

10. Бірлескен қызмет нәтижелерін үшінші тараптың иелігіне беру - мұндай нәтижелерді ұсынуға дейін алдын ала жасалатын жекелеген келісімдердің мәні болып табылады. Мұндай келісімдер осы бөлімнің 7-тармағында көзделген құқықтарды зиянсыз жүзеге асыру үшін көрсетілген нәтижелерді тарату тәртібін белгілейді.

3-бөлім

Іскерлік жасырын ақпарат

Іскерлік жасырын ақпаратты мұндай ретінде белгілеу жауапкершілігі мұндай жасырындылықты талап етіп отырған Тарапқа және бірлескен қызметке қатысушыға жүктеледі. Мұндай ақпаратты әрбір Тарап немесе әрбір бірлескен қызметке қатысушы өз мемлекетінің заңнамасын сақтағанда және жекелеген келісімдерде белгіленген ш а р т т а р ғ а с ә й к е с қ о р ғ а й д ы .

Егер жекелеген келісімдерде өзгеше көзделмесе, Тараптар және бірлескен қызметке қатысушылар іскерлік жасырын ақпаратты өз қызметкерлеріне бере алады. Мұндай ақпарат мердігерлер мен қосалқы мердігерлерге, олармен жасалған келісімдерді қолдану шегінде беріледі. Осылайша берілген ақпарат жасырындылық туралы мұндай ережелерді қолдану талаптары мен мерзімдері көзделетін осындай келісімдерді қолдану шегінде ғана пайдаланыла алады.

Осы бөлімде сілтеме жасалған жасырындылықты сақтау жөніндегі міндеттемелердің сақталуы үшін Тараптар және бірлескен қызметке қатысушылар өздерінің қызметкерлеріне, мердігерлеріне және қосалқы мердігерлеріне қатысты барлық қажетті шараларды қабылдайды.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Ү к і м е т і м е н Р е с е й Ф е д е р а ц и я с ы н ы ң
Ү к і м е т і а р а с ы н д а ғ ы Ғ а р ы ш к е ң і с т і г і н
б е й б і т м а қ с а т т а р д а з е р т т е у ж әне п а й д а л а н у
с а л а с ы н д а ғ ы ы н т ы м а қ т а с т ы қ
т у р а л ы к е л і с і м г е
2-қосымша

Технологияларды күзету жөніндегі шаралар

1-бөлім

Қолданылу аясы

Осы қосымшаның ережелері күзетілетін бұйымдар мен технологияларға қатысты бірлескен қызметтің барлық түрлеріне және сатыларына, атап айтқанда:

бірлескен қызметке қатысушылардың барлық объектілерінде;

Тараптар мемлекеттерінің юрисдикциясындағы және (немесе) бақылауындағы б а р л ы қ о б ь е к т і л е р д е ;

ресейлік өкілдер мен қазақстандық өкілдердің барлық әрекеттеріне;

Тараптардың экспорттайтын және импорттайтын уәкілетті лауазымды тұлғалардың барлық әрекеттеріне қолданылады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Ғарыш кеңістігін бейбіт мақсаттарда зерттеу және пайдалану саласындағы ынтымақтастық туралы келісімнің (бұдан әрі - Келісім) ережелерін үшінші елдер мен

халықаралық ұйымдардың заңды және жеке тұлғалары қатысатын күзетілетін бұйымдар мен технологияларға қатысты бірлескен қызметке қолдану үшін қажетті құқықтық және өзге де шарттар Келісімнің 5-бабының 5-тармағында көзделген жеке келісімдерде (бұдан әрі - жеке келісім) және осындай адамдармен және халықаралық ұйымдармен тікелей жасалатын келісімдерде анықталады.

2-бөлім

Технологияларды күзету жоспарлары

1. Қазақстандық тарап және Ресейлік тарап бірлескен күзетілетін бұйымдар мен технологияларға қатысты кез келген бірлескен қызметтің технологияларды күзету жоспарларында көзделген рәсімдерге сәйкес ресейлік және қазақстандық өкілдерінің жүзеге асыруын және осындай жоспарлар күзетілетін бұйымдар мен технологиялардың сақталуы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында шараларды есепке алу жүйесінің ажырамас бөлігі ретінде қаралуын өздерінің құзыретті органдары және уәкілетті органдары арқылы қамтамасыз етеді.

2. Технологияларды күзету жоспарларын Келісімге сәйкес екі Тараптың да бірлескен қызметке қатысушылары әзірлейді және Тараптардың құзыретті органдары мен уәкілетті органдарының күзетілетін бұйымдар мен технологияларға қатысты бірлескен қызметтің басталуына дейін күні бұрын бекітуіне жатады.

Көрсетілген жоспарлар мынадай:

а) күзетілетін бұйымдарды тиеуге (түсіруге) қатысты операцияларды жүзеге асыру тәртібі, сондай-ақ персоналдың жұмыс аймақтарына кіру тәртібі туралы;

б) кідіріп қалу, ұшыруды тоқтату немесе сәтсіз ұшыру жағдайында орындау қажет р ә с і м д е р т у р а л ы ;

в) күзетілетін бұйымдар мен технологияларды техникалық бақылаудың және тіркеудің әдістері мен жүйелері туралы;

г) тауарларды тасымалдау кезінде жауапкершілік беру уақыты, орны және рәсімдері туралы негізгі ақпаратты қамтуы тиіс.

3. Тараптар өздерінің құзыретті және уәкілетті органдары арқылы технологияларды күзету жоспарларының орындалуын бақылауды және қадағалауды тиімді және уақтылы жүзеге асыруда ынтымақтасады.

3-бөлім

Лицензиялардың қолданылуы

1. Экспорттаушы тарап құзыретті және уәкілетті органдар арқылы осы Тарап мемлекетінің заңнамасына сәйкес күзетілетін бұйымдар мен технологияларға қатысты экспорттық лицензияларды және (немесе) өзге де рұқсаттарды беру арқылы, сондай-ақ Келісімде көзделген тиісті шараларды іске асыру арқылы технологиялардың

қауіпсіздігі мен оларды қорғау талаптарының және таратпау талаптарының сақталуын қамтамасыз етеді және өздерінің құзыретті органдары және (немесе) уәкілетті органдары арқылы басқа Тарапты оның құзыретті және (немесе) уәкілетті органдары арқылы осындай экспорттық лицензиялардың және (немесе) өзге де рұқсаттардың ережелері туралы хабардар етеді. Импорттаушы тарап құзыретті және уәкілетті органдар арқылы осы Тарап мемлекетінің заңнамасына сәйкес күзетілетін бұйымдар мен технологияларға қатысты импорттық лицензияларды, түпкілікті пайдаланушының сертификаттарын және өзге де рұқсаттарды беру арқылы, сондай-ақ Келісімде көзделген тиісті шараларды іске асыру арқылы технологиялардың қауіпсіздігі мен оларды қорғау талаптарының және таратпау талаптарының сақталуын қамтамасыз етеді және өздерінің құзыретті органдары және (немесе) уәкілетті органдары арқылы басқа Тарапты оның құзыретті және (немесе) уәкілетті органдары арқылы осындай импорттық лицензиялардың, түпкілікті пайдаланушының сертификаттары мен өзге де рұқсаттардың ережелері туралы хабардар етеді.

2. Тараптардың әрқайсысы бірлескен қызметке қатысты оның мемлекетінде берілген лицензиялардың және (немесе) берілген рұқсаттардың үздіксіз қолданылуын қамтамасыз ету үшін барлық ықтимал күш-жігерді салады.

3. Егер Тараптардың кез келгені құзыретті органдары немесе уәкілетті органдары арқылы әрекет ете отырып, Келісімнің қандай да бір ережелері, оның ішінде технологияларды күзету жоспарларына қатысты бөлігінде бұзылуы мүмкін екендігін немесе осындай бұзушылықтың болуына әкеп соқтыратын жағдайларға анық көрсететін мәліметтері болатынын анықтаса, ол өзінің уәкілетті органдары арқылы меншікті экспорттық лицензиясының қолданылуын тоқтата немесе кері қайтарып ала алады, сондай-ақ күзетілетін бұйымдар мен технологияларды әкетуге (экспорттауға) және тиісті қызметтерді ұсынуға тиісті шектеулер енгізе алады. Тараптар, құзыретті органдар немесе уәкілетті органдар одан әрі өзара іс-қимылды жүзеге асыруға және бүкіл бірлескен қызметті немесе оның жекелеген түрлерін жүзеге асыруға мораторий енгізуді немесе тыйым салуды қоса алғанда, қалыптасқан жағдайға барабар ұйымдастырушылық және құқықтық сипатта шаралар қабылдауға қатысты тез арада консультациялар өткізеді.

4. Келісімдегі ешнәрсе Тараптар мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес Тараптардың кез келген іс-қимылдар жасау және (немесе) бірлескен қызметті лицензиялауға және (немесе) бірлескен қызметті жүзеге асыруға рұқсат беруге қатысты кез келген шешімдер қабылдау өкілеттіктеріне шек қоймайды.

5. Тараптардың уәкілетті органдарының бірлескен қызметті жүзеге асыруына лицензиялар және (немесе) өзге де рұқсаттар беру, тоқтата тұру немесе қайтарып алу тәртібі Келісімнің мақсаттары мен талаптарына жауап беруге тиіс. Әрбір Тарап өздерінің құзыретті органдары арқылы әрекет ете отырып, бірлескен қызметке қатысушылар таратылған немесе қайта ұйымдастырылған жағдайда басқа Тараптың

және осы басқа Тарап мемлекетінің жеке және заңды тұлғаларының Келісімнің орындалуына қатысты құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін қажетті шаралар қабылдайды.

6. Тараптардың кез келгенінің өз мемлекетінде берілген лицензиясы және (немесе) бірлескен қызметке қатысты уәкілетті органы берген шешімі тоқтатыла тұрған және қайтарып алынған жағдайда немесе бірлескен қызмет аяқталғаннан кейін басқа Тарап күзетілетін бұйымдар мен технологиялардың Экспорттаушы тарап мемлекетінің аумағына немесе Экспорттаушы тарап мақұлдаған өзге орынға шұғыл қайтарылуына бөгет болмайды және қажет болған кезде жәрдемдеседі.

4-бөлім

Түпкілікті пайдалануды сертификаттау

1. Тараптар Келісімді орындау тәртібімен құзыретті және уәкілетті органдар арқылы бірлескен қызмет шеңберінде экспортталатын күзетілетін бұйымдар мен технологияларды түпкілікті пайдалану бірлескен қызметке қатысушылар түпкілікті пайдаланушылар ретінде Тараптарға ұсынатын өтінішіне сәйкес келуін қамтамасыз етеді.

2. Тараптар түпкілікті пайдаланушылар болып табылатын бірлескен қызметке қатысушыларды Тараптар мемлекеттерінің заңнамаларына сәйкес Импорттаушы тараптың уәкілетті лауазымды адамдары қол қойған және түпкілікті пайдаланушылардың ресми куәландырылған сертификаттарын ресімдеуге және Экспорттаушы тараптың уәкілетті органдарына ұсынуға міндетті, онда бірлескен қызметке қатысушылар :

а) Экспорттаушы тарап мемлекетінің аумағынан әкетілетін (экспортталатын) күзетілетін бұйымдар мен технологияларды бірлескен қызметті жүзеге асырудың келісілген мақсатында ғана пайдалануға;

б) осындай күзетілетін бұйымдар мен технологияларды өз мемлекетінің аумағынан үшінші елдерге немесе заңды және (немесе) жеке тұлғаларға осындай бірлескен қызметке қатысушылар бақылайтын заңды тұлғалардың, олардың кез келген филиалдарының, өкілдіктерінің, серіктестерінің немесе әріптестерінің атына әкетуді не кез келген басқа кейінгі беруді қоса алғанда, күзетілетін бұйымдар мен технологияларды және олардың туындыларын Экспорттаушы тараптың құзыретті органдарының немесе уәкілетті органдарының жазбаша нысандағы алдын ала келісімінсіз және Экспорттаушы тарап мемлекетінің заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген мемлекеттік органдардың тиісті лицензияны беруінсіз түрлендіруді, көшіруді, қайта шығаруды (ұдайы өндіруді), қайта жобалауды, (конструкцияны бөлшектеуді, қалпына келтіруді), жаңғыртуды (Экспорттаушы тарап мемлекетінде жасалған бұйымдарды, тараптар мен құрамдастарды пайдаланып, сондай-ақ кез келген басқа да

бұйымдарды, тораптар мен құрамдастарды пайдаланып), кері экспорттауды жүзеге асырмауға, оған рұқсат етпеуге және оны болдырмауға міндетті.

3. Түпкілікті тұтынушының қазақстандық және ресейлік сертификаттарының мәтіндері Импорттаушы тараптың Импорттаушы тарап мемлекетінің юрисдикциясындағы және (немесе) бақылауындағы аумақтағы күзетілетін бұйымдар мен технологиялар мәлімделген мақсаттарда ғана пайдаланылатынына қатысты кепілдіктеріне қатысты Экспорттаушы тараптың талаптарына жауап бере алатындай түрде жасалады және Экспорттаушы тараптың құзыретті немесе уәкілетті органдарының жазбаша нысандағы рұқсатынсыз кейіннен беруге жатпайды.

4. Импорттаушы тарап Тараптардың уәкілетті органдары арқылы Экспорттаушы тарапқа күзетілетін бұйымдар мен технологияларды түпкілікті пайдалануға, көшіруге немесе түрлендіруге қатысты өзгерістерді қоса алғанда, түпкілікті тұтынушының сертификатында жазылған фактілердің немесе ниеттерінің кез келген өзгерістері туралы хабарлайды және Экспорттаушы тараптың жазбаша нысандағы растамасының болмауынан фактілерінің немесе ниеттерінің осындай өзгерістерін заңды деп қарастырмайды.

5. Түпкілікті пайдаланушының сертификаты оны Импорттаушы тарап мемлекетінің уәкілетті органы мақұлдағаннан кейін оны кейіннен Экспорттаушы тараптың құзыретті органына немесе уәкілетті органына ұсыну үшін импорттаушы ретінде бірлескен қызметке қатысушыға жіберіледі.

5-бөлім

Бақылау және ілесіп жүру функциялары

1. Тараптар олардың мемлекеттерінде берілген экспорттық лицензиялардың және (немесе) олар берген рұқсаттардың орындалу шарттарының тұрақты сақталуын қамтамасыз ету үшін тиісті сұрау салу болған жағдайда құпиялылық сақталған кезде күзетілетін бұйымдармен және технологиялармен жұмыс істеу тәртібі инспекциясын жүргізу мүмкіндігін өзара негізде ұсынады. Басшы қағидаттар және осындай жедел инспекцияларды жүргізудің айқын рәсімдері консигнаторлармен бірлесіп, екі Тараптың да құзыретті органдары немесе уәкілетті органдары арқылы келісіледі.

2. Ресейлік өкілдер мен қазақстандық өкілдердің тиісінше ресейлік күзетілетін бұйымдар мен технологияларға және қазақстандық күзетілетін бұйымдар мен технологияларға олар тиісінше Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының аумақтарында болған кезде тұрақты негізде қарусыз ілесіп жүруді жүзеге асыруға құқығы бар. Қазақстандық және ресейлік өкілдер Келісімге сәйкес өз өкілеттіктерін жүзеге асырады және осындай күзетілетін бұйымдармен және технологиялармен жұмыс істеуді бақылау мен қадағалау, инспекциялау және реттеу функцияларын орындайды.

3. Нақты бірлескен қызметтің сипатын ескере отырып, қазақстандық және ресейлік өкілдер өз қызметін тиісінше Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының аумақтарында консигнаторлар жасайтын бағдарламалар мен жобаларды басқарудың арнайы бірыңғай немесе жекелеген қызметтері шеңберінде жүзеге асыруы мүмкін.

4. Импорттаушы тарап Экспорттаушы тараптың өкілдерін оның мемлекетінің аумағына осы Келісім шеңберінде орындалатын бірлескен қызмет және өз құқықтары мен функцияларының уақтылы жүзеге асырылуы үшін келуіне және болуына тиісінше жәрдем көрсетеді.

6-бөлім

Қол жеткізуге қатысты басшы қағидаттар

1. Күзетілетін бұйымдармен және технологиялармен жұмыстар оларға қажетті қорғауды қамтамасыз ететін жағдайларда жүзеге асырылады. Қорғау дәрежесі күзетілетін бұйымдар мен технологиялардың сипаты ескеріле отырып, нақты белгіленеді. Бірлескен қызметке қатысушылардың өзара уағдаластығы бойынша Экспорттаушы тарап өкілдері оларға қол жеткізуді шектейтін және (немесе) бақылайтын қорғалған аймақтар құрылады.

2. Осы бөлімнің 1-тармағына сәйкес Тараптар өздерінің құзыретті органдары немесе уәкілетті органдары арқылы әрекет ете отырып, бірлескен қызметке қатысушыларға объектілерге, үй-жайларға және көлік құралдарына немесе күзетілетін бұйымдармен және технологиялармен жұмыс үшін арнайы бөлінген, жекелеген қорғалған аймақтарға реттелетін қол жеткізуді қамтамасыз ету рәсімдері мен жүйесін, мұндай реттелетін қол жеткізу Импорттаушы тарап өкілдерінің сұрауы бойынша Экспорттаушы тарап өкілдерінің рұқсатымен және қатысуымен ұсынылатынын ескере отырып әзірлеуге, қолдануға және қолдауға тапсырады.

3. Осы бөлімнің 1 және 2-тармақтарына сәйкес Тараптар объектілерге, үй-жайларға, көлік құралдарына немесе қорғалған аймақтарға қол жеткізуді ұйымдастыруға қолданылатын негізгі талаптар мыналарды қамтиды деген ұғымды негізге алады:

а) өздерінде тиісінше тіркелген рұқсатнамалары және (немесе) сәйкестендірілген кеуде карточкалары болуға тиіс барлық кіретін (шығатын) жеке тұлғаларды с ә й к е с т е н д і р у ;

б) күзетілетін бұйымдар мен технологияларға қатысты технологиялық функцияларды бұзушылықтың және бөгде араласудың болмауына сенімділікті қамтамасыз ету мақсатында қол жеткізуге және болуға қатысты ережелердің орындалуын бақылау мен қадағалау;

в) тұрақты негізде немесе қажеттілігіне қарай барлық қорғау жүйесін, қажетті превентивті немесе үйлестіру шараларын қабылдау рәсімдері мен оның уақтылығын бағалау.

4. Күзетілетін бұйымдар мен технологиялардың сақталуын және қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы тиісті уағдаластықтарға қол жеткізу мақсатында Тараптар өздерінің құзыретті органдары немесе уәкілетті органдары арқылы күзетілетін бұйымдар мен технологияларға қол жеткізуді және олармен ілесіп жүруді бақылауға Экспорттаушы тараптың құқықтарын іске асырудың мүмкін болмауына әкеліп соғуы мүмкін кез келген операциялар туралы бірін-бірі уақтылы хабардар етеді.

7-бөлім

Әкету және тасымалдау

1. Күзетілетін бұйымдар мен технологияларды аумаққа әкелу (импорттау) және оның мемлекетінің аумағы арқылы өткізуге барлық қажетті рұқсаттарды осы Тараптың уәкілетті органдарынан алу мақсатында Импорттаушы тарап өкілдері берген және ресімдеген өтінімдермен істің мән-жайы туралы Экспорттаушы тараптың өкілдері өзінің уәкілетті органдарына уақтылы хабарлайды. Экспорттаушы тарап күзетілетін бұйымдар мен технологияларды әкетуді (экспорттауды) алдын ала рұқсаттар алумен және технологияларды күзетудің тиісті жоспарларын қолданысқа енгізуге негіздейді.

2. Күзетілетін бұйымдар мен технологияларды Экспорттаушы тарап мемлекетінің аумағынан Импорттаушы тарап мемлекетінің аумағына және Импорттаушы тарап мемлекетінің аумағынан Экспорттаушы тарап мемлекетінің аумағына немесе Экспорттаушы тарап мақұлдаған өзге жерге кез келген тасымалдауға экспорттық лицензиялар және (немесе) Тараптардың және (немесе) олардың уәкілетті органдарының өзге де рұқсаттары Тараптар мемлекеттерінің заңнамаларында белгіленген тәртіппен алдын ала алынуға тиіс.

3. Күзетілетін бұйымдар мен технологияларды олардың мемлекеттерінің ішінде тасымалдауға Тараптардың келісімі тасымалдаудың нақты мән-жайларымен байланысты, сондай-ақ Келісімге сай келетін, төтенше жағдайларға арнап әзірленген барлық қажетті ерекше шектеулер мен шарттарды қамтиды.

8-бөлім

Күзетілетін бұйымдар мен технологияларды кеден мақсаттары үшін сәйкестендіру

1. Экспорттаушы тараптың консигнаторлары Импорттаушы тарап мемлекетінің кеден органдарына жеткізілетін тауарлардың түгендеме тізбелері мен жүк

манифестерін, сондай-ақ Экспорттаушы тараптың тиісті тағайындалған ұйымының, мөр басылған контейнерлерде және өзге де бумаларда күзетілетін бұйымдар мен технологияларға қатысты бірлескен қызметке жатпайтын және осындай ретінде мәлімделмеген қандай да бір жүктің жоқтығы туралы жазбаша нысандағы өтініштерін ұсынады.

2. Осы Келісімге сәйкес Импорттаушы тараптың кеден органдарының күзетілетін бұйымдар мен технологияларға жататын тауарларды кедендік тексеруге құқығы бар. Әдеттегі (қалыпты) жағдайларда осы мемлекеттің кеден органдарына жіберілген Импорттаушы тараптың құзыретті органының тиісті өтініші болған жағдайда мұндай тексеруден бейтарап қалуға Тараптар келісті. Күзетілетін бұйымдар мен технологияларға жататын тауарларды әкелуге (әкетуге) байланысты кеден ережелерінің болуы мүмкін бұзушылықтарына көрсететін жеткілікті куәліктер болса, Импорттаушы тараптың кеден органдары тексеру рәсімдерін қолданудың барлық жағдайлары мен шарттары, тексеру басталғанға дейін тиісінше жүргізілетін екі Тараптың құзыретті органдарының арасындағы шұғыл консультациялар мен практикалық сипаттағы уағдаластықтар мәнін құрайтынын ескере отырып, кедендік тексеруді жүзеге асырады.

3. Күзетілетін бұйымдар мен технологияларды кедендік тексеру бір жағынан, тәуекелді жан-жақты бағалауды ескере отырып, ең аз араласумен байланысты құралдарды пайдалану және Импорттаушы тарап мемлекетінің заңды уәкілеттік берілген лауазымды адамдарының күзетілетін бұйымдармен және технологиялармен жұмыс істеу мәселелеріне араласуын болдырмау тұрғысынан, ал екінші жағынан, күзетілетін бұйымдар мен технологиялар Импорттаушы тарап мемлекетінің аумағына әкелінген және оның аумағынан әкетілген кезде бірлескен қызметке қатысушылар Импорттаушы тараптың заңнамасын және оның өзге де нормативтік құқықтық актілерін сақтауын және осы Келісімнің мақсатына сәйкес әрекет етуін қамтамасыз ету тұрғысынан жүргізіледі.

4. Тексеруді жүзеге асыру себебі мен ниеті туралы хабарлама тексеру басталғанға дейін жазбаша нысанда Импорттаушы тарап өкілдері арқылы күзетілетін бұйымдармен және технологиялармен ілесіп жүретін экспорттаушы тараптың уәкілетті лауазымды адамдарының назарына тез арада жеткізіледі.

5. Күзетілетін бұйымдар мен технологияларды кедендік тексеру:

- а) экспорттаушы тараптың уәкілетті лауазымды адамдарының қатысуымен;
- б) күзетілетін бұйымдар мен технологиялардың қауіпсіздігін барабар түрде қамтамасыз ететін және экспорттаушы тарап өкілдері оларды тексерудің алдында және тексеру уақытында зерттеуге құқығы бар арнайы жабдықталған үй-жайларда;
- в) күзетілетін бұйымдар мен технологияларға зиян келтірмейтін әдістерді қолданумен көзбен қарау арқылы;
- г) күзетілетін бұйымдар мен технологиялардың тұтастығын және физикалық жай-күйін сақтау қажеттілігін ескере отырып және техникалық құжаттамада көзделген

олардың қандай да бір технологиялық бөліктері мен сыйымдылықтарын ашпай;

д) күзетілетін бұйымдар мен технологияларды қандай да бір фото- немесе бейнетүсірілімдерді жүзеге асырмай және күзетілетін бұйымдар мен технологиялардың техникалық және технологиялық сипаттамалары мен параметрлерін ашпай пайдалануға болатын өзге де құралдарды қолданусыз;

е) экспорттаушы тараптың өкілдері көлік контейнерлерін ашқан кезде күзетілетін бұйымдар мен технологиялардың технологиялық орамасының герметикалығының бұзылуын болдырмайтындай жүзеге асырады.

6. Қасақана емес заңсыз әрекеттер немесе өрескел байқаусыздықпен жасалған әрекеттер себебінен, осы бөлімнің 5-тармағын бұзып жүргізілген кедендік тексеру нәтижесінде Импорттаушы тарап күзетілетін бұйымдар мен технологияларға зиян келтірген жағдайда Импорттаушы тарап туындаған жағдайды жылдам түзетуге шаралар қабылдайды және егер бірлескен қызметке қатысушылар келісім-шарт құжаттарында өзгеше көздемесе, күзетілетін бұйымдар мен технологияларды өндіру мен тасымалдауға шығыстарды және осындай зиянның нәтижесі болып табылған сақтандыру шығындарын, тиісті төлем рәсімі Импорттаушы тарап мемлекетінің заңнамасына сәйкес белгіленетінін ескере отырып өтейді.

7. Бірлескен қызметті жүзеге асыру үшін қажет, күзетілетін бұйымдар мен технологиялар ұғымына кіретін және Импорттаушы тарап мемлекетінің кедендік шекарасынан өткен кезде пайдалануға арналған техникалық деректер, оның ішінде қол жүгімен және ілесіп жүретін багажбен жеткізілетін техникалық деректер кедендік тексеру кезінде ашуға және көшіруге жатпайды.

8. Күзетілетін бұйымдар мен технологияларға жататын тауарларды кедендік ресімдеу мүмкіндігінше қысқа мерзімде жүзеге асырылады. Күзетілетін бұйымдар мен технологияларға жататын тауарларды кедендік ресімдеу қажеттілігін осы бөлімнің ережелерін ескере отырып, кеден органдары белгілейді.

9-бөлім

Мүлікті құқықтық және физикалық қорғау

1. Импорттаушы тарап мемлекетінің аумағындағы және осы мемлекеттің юрисдикциясындағы және (немесе) бақылауындағы экспортталатын күзетілетін бұйымдар мен технологиялар, оның ішінде бұл бұйымдар мен технологиялар бірлескен қызметке қатысушының пайдалануында және оның басқаруында болған кезде алып қоюдың немесе атқарушылық өндірістің кез келген түрінен, сондай-ақ өндіріп алуды айналдыру немесе сот шешімі шыққанға дейін тұтқынға алу сияқты кез келген мәжбүрлеу шараларынан иммунитетті пайдаланады, экспорттаушы тарап осы бөлімнің ережелерін қолдану тәртібімен мұндай иммунитеттен бас тартқанда, атап айтқанда, күзетілетін бұйымдар мен технологияларға қатысты экспорттаушы тарап мемлекетінде

берілген экспорттық лицензияларды және (немесе) өзге шешімдерді орындамау орын алғанда, экспорттаушы тараптың өтініші бойынша Импорттаушы тараптың бірлескен қызметке қатысушысынан күзетілетін бұйымдар мен технологияларды алып қою қажеттілігі кезіндегі және күзетілетін бұйымдар мен технологияларды Келісімнің қағидаттары мен нормаларына сәйкес келетін жауапты сақтауға орналастыру қажеттігін, сондай-ақ күзетілетін бұйымдар мен технологияларға қатысты экспорттаушы тарап өкілдерінің тұрақты ілесіп жүруін және бақылауын қамтамасыз еткен жағдайларды қоспағанда, юрисдикциялық иммунитет қолданылады. Мұндай қызметті жүзеге асыру барысында кез келген белгіленген немесе болжанған бұзушылықтарға байланысты кез келген Тараптың бірлескен қызметке қатысушысының қызметін талқылау және тексеру барысында күзетілетін бұйымдар мен технологиялар кепіл немесе басқа қамтамасыз ету ретінде пайдаланылмайды. Тиісінше Импорттаушы тарап мемлекетінің органдары шешімдерінің негізінде немесе осы мемлекеттің сотындағы талқылаумен байланысты күзетілетін бұйымдар мен технологияларға қатысты өндіріп алуды айналдыру, тұтқындау, реквизиitteу немесе тәркілеу сияқты ешқандай мәжбүрлеу шараларын қолдануға болмайды.

2. Импорттаушы тарап лицензиялар немесе оның мемлекетінде қолданылатын өзге де рұқсаттар беру шеңберінде экспорттаушы тараптың рұқсатымен және экспорттаушы тараптың консигнаторларымен келісімдер негізінде оның бірлескен қызметке қатысушыларында пайдаланудағы немесе басқарудағы экспортталатын күзетілетін бұйымдар мен технологияларды сатудан, жалға (қосалқы жалға) беруден, кепілдікке беруден, меншікті иесіздендіруден немесе олар экспортталған шарттарды бұзумен үшінші адамдарға сенімді басқаруға беруден кепілдік берілуі үшін құқықтық сипаттағы барлық қажетті шараларды қабылдайды. Екі Тараптың бірлескен қызметке қатысушыларының арасындағы келісім-шарттық міндеттемелер бойынша даулар туындаған жағдайда күзетілетін бұйымдар мен технологиялар кез келген міндеттемелерді қамтамасыз ету құралы бола алмайды немесе өзге түрде ауыртпалық салынбайды.

3. Күзетілетін бұйымдар мен технологияларға қатысты талаптың немесе қуынымның негізі болған немесе бола алатын құқықтық жағдайлар және (немесе) фактілер туындаған жағдайда Тараптар құзыретті органдары немесе уәкілетті органдары арқылы тез арада консультациялар өткізеді және қажет болғанда мұндай талаптар мен қуынымдардан қорғану үшін құқықтық және практикалық сипаттағы шаралар қабылдайды. Тараптар осы бөлімнің 1 және 2-тармақтарында көзделген талаптар және сот немесе өзге талқылау шеңберінде қойылатын талаптар арасындағы кез келген қарама-қайшылықтар практикалық сипаттағы уағдаластықтар негізінде Келісімде көзделген тәртіппен шешілу үшін шаралар қабылдайды.

4. Осы бөлімнің ережелері қорғалатын бұйымдар мен технологияларға қатысты олардың Импорттаушы тарап мемлекетінің аумағы арқылы өткізілуіне және бірлескен

Келісіммен үйлесетін рәсімдерге сәйкес оның аумағында пайдаланылуына байланысты тиісті әкімшілік функцияларын жүзеге асыруды қозғамайды.

5. Тараптар осы бөлімге сәйкес юрисдикциялық иммунитет қағидатын сақтауды қамтамасыз ете отырып, өздерінің құзыретті органдары немесе уәкілетті органдары арқылы әрекет етіп, атқарушылық өкімдерді қолданудың келісілген рәсімдері мен практикасын ұстанады, олар атап айтқанда, мыналарға қатысты дәлелді қаулы шығарылған жағдайда күзетілетін бұйымдар мен технологиялардың өткізілуіне немесе пайдаланылуына әкімшілік сипаттағы мораторийге әкеліп соқтыруы мүмкін:

а) күзетілетін бұйымдар мен технологияларға қатысты кедендік құқық бұзушылық оқиғасы және құрамы болуы салдарынан жекелеген тауарларды кедендік ресімдеудің және шығарудың тоқтатыла тұруына;

б) егер олармен қауіпсіз жұмыс істеуге Келісімге сәйкес қауіпсіздікке, қоғамдық тәртіпке, адамның өмірі мен денсаулығына, сондай-ақ қоршаған табиғи ортаға қауіп-қатер жағдайында зиян келтірілуі мүмкін болса, күзетілетін бұйымдар мен технологияларды Импорттаушы тарап мемлекетінің аумағы арқылы өткізуге шектеулер енгізуге және осы аумақта пайдалануға;

в) бірлескен қызмет шеңберінде ұсынылатын кез келген ресурстарды және қызметтерді өрістетуге және пайдалану туралы нақты шешімдер қабылдау контексінде күзетілетін бұйымдар мен технологияларды қолдануға шектеулер енгізуге;

г) күзетілетін бұйымдар мен технологияларды қозғайтын заңсыз іс-әрекеттердің жасалуына байланысты тергеу немесе процессуалды әрекеттер жүргізуге;

д) ұқсас жағдайлар, шектеулер және мораторийлер қолдануға.

6. Күзетілетін бұйымдар мен технологияларды ұрлаған немесе қандай да бір өзге заңсыз жаулап алу жағдайында Импорттаушы тарап оларды қорғауға және қайтаруға көмек көрсете отырып, барынша ынтымақтасуды қамтамасыз етеді және экспорттаушы тарап өкілдерінің күзетілетін бұйымдар мен технологияларға тоқтаусыз және толық көлемде тиімді бақылауды қалпына келтіруі үшін шаралар қабылдайды.

Тараптар құқық қорғау іс-шараларын жүргізу және Тараптар мемлекеттерінің заңнамасы шеңберінде тиісті ұйғарымдарды жедел жүзеге асыру кезінде күзетілетін бұйымдар мен технологияларға қатысты құқық бұзушылық фактісін растайтын дәлелдемелерді анықтау және жинау, қылмыстық әрекет жасаған күдікті адамға қарсы жаза ұсыну, сондай-ақ қылмыстық әрекеттермен келтірілген залалды анықтау мақсатында экспорттаушы тарап өкілдерінің күзетілетін бұйымдар мен технологияларға қатысты тұрақты ілесіп жүруі және бақылауды қамтамасыз етуі кезінде қол жеткізу шектелген аймаққа құқық қорғау органдары күзетілетін бұйымдар мен технологияларды уақытша бөлмемен қамтамасыз ететініне келісті. Күзетілетін бұйымдар мен технологияларға осындай қауіпсіз түрде қарау қандай да бір елеулі түрде экспорттаушы тарап өкілдерінің өкілеттігіне күзетілетін бұйымдар мен технологияларға және олардың қауіпсіз сақтауында болуына үзіліссіз бақылау мен

қадағалау, инспекциялау және реттеу жөніндегі қажетті күзету шараларын жүзеге асыруына шек қоймайды.

10-бөлім

Тасымалдау, сақтау немесе ұшыру кезіндегі авариялық жағдайлар

1. Егер кез келген Тараптың мемлекеті юрисдикциясының қолданылуы шегінде күзетілетін бұйымдар мен технологияларды тасымалдау, сақтау немесе ғарыш кеңестігіне ұшыру кезінде авариялық жағдай орын алған жағдайда Тараптар тиісті және бірлескен шараларды анықтауда, сондай-ақ күзетілетін бұйымдар мен технологиялардың кез келген құрамдастарын және (немесе) сынықтарын (фрагменттерін) іздестіру және жинау мақсатында авариялық немесе іздестіру-құтқару жұмыстарын жүргізудің келісілген техникалық әдістеріне және осындай жұмыстарды жүргізудің тәртібі мен шарттары туралы практикалық сипаттағы барлық қажетті уағдаластықтарға жетуде ынтымақтасу үшін қажетті барлық күш-жігерін жұмсайды.

2. Тараптар ізденіске жәрдемдесу, күзетілетін бұйымдар мен технологияларды сәйкестендіру және түрлі құрамдастарын және (немесе) сынықтарын (фрагменттерін) аварияның барлық учаскелерінен жинау мақсатындағы ынтымақтастықтың толық көлемде экспорттаушы тарап өкілдерінің қатысуымен жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді.

3. Импорттаушы тарап экспорттаушы тарап өкілдерімен сәйкестендірілген күзетілетін бұйымдар мен технологиялардың құрамдастарын және (немесе) сынықтарын (фрагменттерін), осы өкілдердің тұрақты басшылығы мен бақылауы және қатар ілесіп жүрумен жаппай көшіруге рұқсат береді, эвакуация рәсімдерін экспорттаушы тараптың өкілдері жүзеге асыратынын ескере отырып, эвакуация қандай да болмасын зерделеусіз және (немесе) күзетілетін бұйымдар мен технологиялардың техникалық және технологиялық сипаттамалары мен параметрлерін ашуға пайдаланылуы мүмкін өзге құралдарды қолданбай, қандай да бір фото- немесе бейнетүсірілім жүргізбестен жүзеге асырылады.

4. Тараптар күзетілетін бұйымдар мен технологиялардың кез келген құрамдастарын және (немесе) сынықтарын (фрагменттерін) іздеу және табу мақсатындағы авариялық немесе іздестіру-құтқару жұмыстарын уақтылы және тиімді орындалуы, мыналарды қамтитын практикамен қамтамасыз етілетініне келісті:

а) экспорттаушы тараптың және Импорттаушы тараптың уәкілетті лауазымды адамдарының өзара негізде келісілген авариялық және іздестіру-құтқару жұмыстарын жүргізу әдістерін, қызмет түрлерін, жабдықтары мен рәсімдерін пайдалану;

б) авариялық және іздестіру-құтқару жұмыстарын жоспарлау мен өткізуге қатысты барлық мәселелердің шешімі табылғанда қазақстандық уәкілетті лауазымды адамдар

мен ресейлік уәкілетті лауазымды адамдар арасындағы тұрақты негіздегі байланыс пен ынтымақтастық қатынастарын қолдау;

в) қазақстандық және ресейлік өкілдердің авариялық немесе іздестіру-құтқару жұмыстарын жүргізу тәртібін өзара негізде тұрақты байқау үшін жағдайларды қамтамасыз ету.

5. Осы бөлімнің 4-тармағына сәйкес авариялық және іздестіру-құтқару жұмыстарын жүргізу кезінде күзетілетін бұйымдар мен технологиялардың кез келген және барлық құрамдастарын және (немесе) сынықтарын (фрагменттерін) іздеу және жинау (қайтару) мақсатында Тараптар мынадай шарттарды сақтау үшін бар күш-жігерін салады:

а) Импорттаушы тарап авариялық және іздестіру-құтқару жұмыстарын жүргізу кезінде экспорттаушы тараптың күзетілетін бұйымдар мен технологиялардың қандай да болсын құрамдастарын және (немесе) сынықтарын (фрагменттерін) қандай да бір фото- немесе бейнетүсірілімді жүзеге асырмайды және күзетілетін бұйымдар мен технологиялардың техникалық және технологиялық сипаттамаларын және параметрлерін ашу үшін пайдаланылуы мүмкін өзге де құралдарды қолданбайды;

б) күзетілетін бұйымдар мен технологияларға қатысты барлық ақпарат бірден өз сипаты бойынша құпия ақпарат ретінде қарастырылады;

в) экспорттаушы тараптың өкілдері күзетілетін бұйымдар мен технологиялардың нақты құрамдастарын және (немесе) сынықтарын (фрагменттерін) сәйкестендіруді жүргізеді және Импорттаушы тараптың өкілдеріне оның нәтижелері туралы ақпарат береді. Сәйкестендіру нәтижелері негізінде осындай құрамдастар және (немесе) сынықтар (фрагменттер) күзетілетін бұйымдар мен технологиялар ретінде қ а р а с т ы р ы л а д ы ;

г) экспорттаушы тарап өкілдері Импорттаушы тарап өкілдерімен бірге консультациялар өткізгеннен кейін күзетілетін бұйымдар мен технологиялардың табылған және сәйкестендірілген құрамдастарын және (немесе) сынықтарын (фрагменттерін) алғашқы өңдеуді, есепке алуды және жүйелеуді жүргізеді және оларға қатысты жинақталған ақпаратты мұрағаттайды.

6. Күзетілетін бұйымдар мен технологиялардың құрамдастарын және (немесе) сынықтарын (фрагменттерін) іздеу және жинау үшінші мемлекеттің мүдделерін қозғайтын негіздеме бар деп болжанған жағдайда Тараптар өздерінің құзыретті органдары арқылы бірлесе отырып және осы үшінші мемлекеттің өкілдерімен дереу халықаралық құқыққа сәйкес барлық мүдделі мемлекеттердің құқықтары мен міндеттемелеріне нұқсан келтірмейтін авариялық немесе іздестіру-құтқару жұмыстарын жүргізудің рәсімдерін үйлестіру мәселелері бойынша консультациялар өткізеді.

7. Қазақстандық тарап және Ресейлік тарап тиісінше қазақстандық және ресейлік консигнаторларға аварияның немесе сәтсіз ұшырылымының себептерін анықтау үшін

қажетті ақпаратты Тараптар мемлекеттерінің заңнамаларына сәйкес ұсынуға уәкілеттік береді.

11-бөлім

Заңмен ұйғарылған іс-шараларды жүргізудегі ынтымақтастық

1. Объектілерде, үй-жайларда және көлік құралдарында немесе күзетілетін бұйымдар және технологиялар орналасқан жеке аймақтарда заңмен ұйғарылған іс-шараларды жүргізу үшін Тараптар барлық қатысушылардың міндеттерін тиісті түрде ескере отырып, күзетілетін бұйымдар мен технологиялардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында осындай іс-шараларды өткізу орындарына реттелетін қол жеткізудің рәсімдерін келісілген негізде қолданады. Осындай қол жеткізу мынадай шарттар сақталған кезде жүзеге асырылады:

а) заңмен ұйғарылған іс-шараларды осы бөлімнің талаптары сақталған кезде тек қана заң жүзінде уәкілеттік берілген лауазымды адамдар жүргізеді;

б) заң жүзінде уәкілеттік берілген лауазымды адамдар заңмен ұйғарылған іс-шаралардың өткізілетін орындарына қатысу құқығын экспорттаушы тараптың уәкілетті лауазымды адамдарының қатысуымен жүзеге асырады;

в) Импорттаушы тарап заң жүзінде уәкілеттік берілген лауазымды адамдар өз қызметін жоспарлаған кезде мыналарды қамтамасыз етеді:

күзетілетін бұйымдар мен технологиялардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты барлық аспектілерді бірінші дәрежелі маңызды факторлар ретінде назарға алу және күзетілетін бұйымдар мен технологияларға қол жеткізуге қатысты экспорттаушы тараптың өкілдері белгілеген шектеулер мен талаптарды тиісінше ескере отырып

і с - қ и м ы л ж а с а у ;

заңмен ұйғарылған іс-шараларды күзетілетін бұйымдар мен технологиялармен жұмыс істеуді реттеуге араласпау көріністерімен байланыссыз жүзеге асыру және экспорттаушы тарап өкілдерінің күзетілетін бұйымдар мен технологияларға қатысты өз қызметін тиімді және толық көлемде орындау мүмкіндігін тәуекелге ұшыратпау;

экспорттаушы тараптың өкілдері бірлескен қызмет шеңберінде жүргізетін күзетілетін бұйымдар мен технологиялардың ағымдағы және жоспарланатын жұмыстарға кедергілер мен ыңғайсыздықтарды барынша азайту және мүмкіндігінше

т о л ы қ б о л д ы р м а у ;

заңмен ұйғарылған іс-шараларды жүргізу мақсаттары үшін оларға қатысты экспорттаушы тараптың уәкілетті лауазымды адамдарының келісімі бар әдістерді, техникалық құралдарды және рәсімдерді, осындай әдістердің, техникалық құралдардың және рәсімдердің Келісімнің мақсаттарымен үйлесімділігін ескере отырып пайдалану.

2. Экспорттаушы тарап өз өкілдерінің заңмен ұйғарылған іс-шаралардың жедел өткізілуіне және олардың мақсаттарына қол жеткізілуіне жәрдемдесуін қамтамасыз етеді.

3. Осы бөлімнің 1 және 2-тармақтарына сәйкес заңмен ұйғарылған іс-шараларды өткізу орнына кез келген бару алдында мынадай іс-қимылдар:

а) заңмен ұйғарылған іс-шараларды өткізу орнына баруға сұрау салуды ресми түрде ұ с ы н у ;

б) заңмен ұйғарылған іс-шараларды өткізу тәртібіне қатысты, фото- және бейнетүсірілім жүргізуді қоса алғанда, күзетілетін бұйымдар мен технологияларға байланысты сезімтал сипаттағы нақты мәселелерге ерекше назар аудара отырып, экспорттаушы тараптың уәкілетті лауазымды адамдарымен жасалған барлық қажетті уағдаластықтарға қол жеткізу және орындау;

в) экспорттаушы тарап өкілдерінің заңмен ұйғарылған іс-шараларды өткізу кезіндегі күзетілетін бұйымдар мен технологиялардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған практикалық сипаттағы қажетті шараларды қабылдауы жүзеге асырылады.